III СЕССИЯ VII САЙЛАНЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 4

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметінің қысқаша қорытындылары 9

II. Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиядағы заң шығарушылық қызметі 14
Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің үшінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі 15

III. Сенатта заң жобаларын қарау қорытындылары туралы 20
3.1. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша заң жобалары туралы ақпарат 22
3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 22
3.1.2. Қаржы және бюджет комитеті 32
3.1.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 51
3.1.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 58
3.1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 65
3.1.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 68

IV. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар 73

V. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар 80

VI. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы 98

VII. Ақпараттық жария етілуі 102

КІРІСПЕ

2022 жыл Қазақстан Республикасы тарихындағы маңызды кезең болды.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы **«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»** атты халыққа Жолдауында саяси жүйені сапалы трансформациялауға бағытталған ауқымды конституциялық реформаға бастамашылық жасады.

Мемлекет басшысы саяси өзгерістердің негізгі мақсаты **суперпрезиденттіктен күшті Парламенті бар президенттік басқару нысанына көшу** екенін белгіледі. Реформалардың ауқымдылығы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңнің басталуы мен «екінші республикаға» көшу туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

2022 жылғы 5 маусымда **республикалық референдумда Конституцияға енгізілген түзетулер үшін** сайлаушылардың 77%-дан астамы дауыс берді. Дауыс беру нәтижелері халықтың бірлігін және Мемлекет басшысы жүргізіп жатқан демократиялық өзгерістерді қолдайтындығын көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі **«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»** атты халыққа Жолдауында мемлекет дамуының жаңа кезеңінің басымдықтарын және **«Жаңа Қазақстанды»** құруды айқындады. Олардың ішінде жаңа экономикалық саясат және нақты секторды дамыту, әлеуметтік салаға стратегиялық инвестициялар тарту, мемлекеттік басқару жүйесін қайта жаңғырту, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерін атап өтуге болады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы Жолдауында саяси жүйені жетілдіруге бағытталған жаңа маңызды бастамалар көтерді. Атап айтқанда, Қ.К.Тоқаев Президенттің өкілеттігін қайта сайлану құқығынсыз **7 жылға созылатын бір мерзіммен шектеуді** ұсынды. Бұл бастама суперпрезиденттік модельден кетуді бекітеді. Саяси жүйені жаңарту мақсатында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев **Президент, Парламент пен мәслихаттар депутаттарын мерзімінен бұрын сайлауға** бастамашылық жасап, сайлау кестесін алдын ала жариялады.

2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы **Президентінің кезектен тыс сайлауы өтті**. Дауыс беру қорытындысы бойынша сайлаушылардың 80%-дан астам дауысын жинаған Қ.К.Тоқаевтың сенімді жеңісі президенттік курсты халық ең жоғары деңгейде қолдайтындығын көрсетті.

Президенттің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» **сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары** бекітілді. Жоспар үш бөлімнен тұрады: «Әділетті мемлекет», «Әділетті экономика» және «Әділетті қоғам», олардың шеңберінде саяси жаңғырту,

сот реформасы, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, ауыл шаруашылығын, энергетиканы, инфрақұрылымды, білім беруді, медицинаны дамыту және т.б. салаларда міндеттер көзделген.

2023 жылғы 14 қаңтарда **Сенат депутаттарының бір бөлігін сайлауды** өткізу жоспарланған. Содан кейін, 2023 жылдың бірінші жартысында Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын сайлау өтеді, Үкіметтің жаңа құрамы қалыптастырылады. Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау жаңа, аралас сайлау моделімен партиялық тізімдер бойынша да, бір мандатты округтер бойынша да өтеді. Осылайша, халықтың ерік-жігеріне сүйенетін мемлекеттік **басқару жүйесі толығымен қайта іске қосылады**.

2022 жылы **Мемлекет басшысының жаңғыртуды көздейтін күн тәртібін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету** Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жұмысындағы басты басымдық болды.

VII шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламенті III сессиясы барысында түрлі салалардағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған **47 заңнамалық акті қабылданды**. Сессия аясында депутаттар өз бетінше 3 заң жобасына бастама жасап қабылдады. Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға **59 депутаттық сауал** жолданды, онда халықты толғандыратын өзекті мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы бастамашылық еткен жаңғырту реформаларын іске асыру шеңберінде республикалық референдумның қорытындылары бойынша Конституцияға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, **«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы»**, **«Прокуратура туралы»**, **«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»** заңдар қабылданды. Бұл мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейтуге, елдегі жоғары қадағалау мен заңдылық құралдарын нығайтуға, азаматтардың конституциялық сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Конституциялық сот туралы Заңға сәйкес құрылып жатқан жаңа институт азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу туралы өтініштерін қарайтын болады. Конституциялық сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де берілген. Конституциялық сот жоғарғы сот органы ретінде заңның үстемдігін қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді.

Қабылданған **«Прокуратура туралы»** Конституциялық заң осы органның негізгі міндеттері қылып адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғауды, сондай-ақ ел аумағында заңдылықты қамтамасыз етуді айқындайды. Прокуратура органдарының қызметі алғаш рет Конституциялық заңмен реттелетін болады.

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңның нормаларына сәйкес омбудсмен өз

өкілеттігін жүзеге асыру кезінде қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және есеп бермейді. Сондай-ақ, уәкіл өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы куә ретінде жауап алуға жатпайды. Уәкілдің мұндай мәртебесі қазақстандықтардың бұзылған құқықтарын қорғаудағы құқықтық кепілдіктерін күшейтуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң Конституцияның жаңа ережелерін іске асыруға бағытталған. Атап айтқанда, ел Президентінің өкілеттігі бір 7 жылдық мерзіммен шектеледі, Президент үшін саяси партияларға мүшелікке шектеулер енгізілді, Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарына орналасуға шектеулер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Сенатқа берілді, Сенаттағы президенттік квота 15-тен 10 депутаттық мандатқа дейін қысқартылды, оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсыныстарын ескере отырып тағайындалатын болады. Сенатқа Конституциялық Сот және Жоғары Сот Кеңесі төрағаларының лауазымдарына кандидатураларды келісу бойынша өкілеттіктер берілген.

Заңдағы түзетулерге сәйкес Мәжілістің 69 депутаты партиялық тізімдер бойынша, 29-ы бір мандатты округтер бойынша сайланады; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады: жартысы бірыңғай аумақтық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша, ал екінші жартысы бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын кері қайтарып алуға; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауға; Парламент палаталарында заңдарды қарау және қабылдау тәртібін қайта қарауға; Үкіметтің заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді қабылдауына, сондай-ақ сайлау қорларына берілетін қайырымдылықтардың шекті мөлшеріне, сайлау науқанына қатысушылардың барлығының қаржылық ашықтығын қамтамасыз етуге қатысты жаңа нормалар қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен саяси партияларды тіркеуге қойылатын талаптар, оның ішінде мүшелердің ең аз саны бойынша 20-дан 5 мың адамға дейін төмендетілді.

Мемлекет басшысының **«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам»** Жолдауын жүзеге асыру шеңберінде депутаттар **«Рақымшылық жасау туралы»** Заңға бастамашылық жасап, қабылдады. Бұл заңның қабылдануы қаңтар оқиғалары кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты адамгершіліктің көрінісі болды.

Қазақстан азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты мәселелерді шешу және төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің заманауи институтын құру мақсатында **«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы»** заң жобасы қабылданды. Заң жобасы соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және азаматтардың сот арқылы банкроттығы рәсімдерін реттейді.

Бұдан басқа, Сенат азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға және орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған **«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»**, **«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»** заңдарды қарады.

«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Заңда жергілікті атқарушы органдар шығындарының болжамы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып есептелген. Субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу көрсеткіштерін қысқарту, балаларды тегін шығармашылық, спорттық үйірмелермен қамтуды арттыру жөніндегі және басқа да міндеттерді ескереді.

Сессия шеңберінде сенаторлар **халықты толғандыратын өзекті проблемалық мәселелерді** талқылап, қарады.

2022 жылғы 25 қарашада **«Қазақстан Республикасы тұрғын үй құрылысын дамыту: проблемалары және оларды шешу жолдары»** тақырыбында үкімет сағаты өтті. Іс-шара барысында депутаттар Үкіметтің назарын тұрғын үй құрылысы саласындағы нақты проблемаларға аударды. Атап айтқанда, құрылыс жұмыстарының сапасыздығына, мемлекеттік сатып алу механизмінің жетілмегендігіне, құрылыс материалдарының қымбаттауына, сондай-ақ ауылдық жерлерде тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың болмауына және т.б.

2022 жылғы 30 қарашада **«Өңір»** депутаттық тобының кезекті отырысы барысында сенаторлар **еліміздің инженерлік желілерінің жай-күйінің** өзекті проблемалық мәселелерін талқылады.

2022 жылғы 2 желтоқсанда **«Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі»** тақырыбында Үкімет сағаты өтті. Іс-шара барысында депутаттар денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелерді, оның ішінде емханалардағы кезектерді, тар сала мамандарының жетіспеушілігін,

медициналық ұйымдарды, әсіресе ауылдық жерлерде қаржыландырудың жеткіліксіздігін, көрсетілетін қызметтердің сапасына, шығындардың ашықтығы мен тиімділігіне әсер ететін интеграцияланбаған ақпараттық жүйелердегі жұмыстың күрделілігін және т.б. атап өтті.

Сенат жұмысының негізгі бағыттарының бірі Қазақстанның бастамаларын ілгерілетуге, басқа елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған **халықаралық қызмет** болып табылады.

2022 жылғы 14-15 қыркүйекте Астанада **Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі** өтті, ол халықтар арасындағы келісім мен толеранттылық, өзара түсіністік пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайтуға ықпал ететін бірегей халықаралық диалог алаңы болып табылады. Съезд жұмысына Ватикан және Католик шіркеуінің Басшысы Рим Папасы Франциск, «Әл-Азһар» ең көне ислам университетінің жоғарғы имамы шейх Ахмед әл-Тайеб, православие, буддизм, иудаизм және басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің жоғары өкілдері қатысты. Съезд жұмысының нәтижесі қорытынды құжат – Декларация болды, онда рухани көшбасшылар әлемдік қауымдастықты қақтығыстарды тоқтату және диалог пен өзара сыйластық негізінде ең өзекті әлемдік мәселелерді шешу үшін күш біріктіруге шақырды. Декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясының ресми құжаты ретінде таратылды.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған жинақта Парламенттің VII шақырылымының III сессиясы басталғаннан бергі уақыт (2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан) аралығындағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты қызметінің барлық бағыттары бойынша толыққанды ақпарат ұсынылған.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 1 қыркүйек – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында **3 Парламент Палаталарының бірлескен отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2022 жылғы 1 қыркүйек – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында **Сенаттың 19 отырысы** өткізілді.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2022 жылғы 1 қыркүйек – 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығында **Бюроның 13 отырысы** өткізілді.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заң жобалары:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	9
Қаржы және бюджет комитеті	12
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	8
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	7
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	3
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	7
Барлығы:	**47 = 46+1 (ҚР Конст. өзг. енгізу тур.)**

Заң жобалары бойынша Комитет отырыстары (оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	19 (7)
Қаржы және бюджет комитеті	35 (9)
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	21 (7)
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	26 (9)
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	18 (5)
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	6 (6)
Барлығы:	**125 (43)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Депутаттық сұрау салу Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

Парламент депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына,

Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне сұрау салуға құқығы бар. Бұл ретте, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сұрау Палаталардың жабық отырысында қаралады.

2022 жылғы 1 қыркүйек – 2022 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде Сенат депутаттары **56 сауал** жолдады.

Жолданған депутаттық сауалдар:

2022 жылғы 1 қыркүйек - 2022 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде Сенаттың **19** отырысында Сенат депутаттары **59** депутаттық сауал жолдады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	58
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына	1
Барлығы:	**59**

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТ-ХАБАРЛАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 2022 жылғы 20 желтоқсан)

1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны	**4975**
оның ішінде:	
қызметтік хат-хабар	2631
жеке және заңды тұлғалардың өтініштері	2241
өтініштерге жауап	103
2. Жіберілген хат-хабардың саны	**3909**
оның ішінде:	
электрондық түрде	1887
е-Өтініш бойынша	1242
қағаз түрде	780

Осы кезеңде Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен келесі мәселелерге қатысты:

құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б мәселелері	1015
қаржы, банк қызметі, несие мәселелері	77
заңдар және заң жобаларына ұсыныстар	55
әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақы мен жәрдемақы төлеу, қандастар)	313
экономика, кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергиямен, газбен қамтамасыз ету, теміржол, су және авиакөлік, тұрғын үй, үлескерлер, тұрғын үй салуға жер телімін бөлу мәселелері, т.б.)	152
лауазымды адамдардың заңсыз іс-қимылдары, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік органдардың әрекеті	94
денсаулық сақтау мәселесі	50
білім беру, мәдениет, мемлекеттік тіл мәселелері	123
тұрғын үй, тасымалдау және коммуникация мәселелері	40
ауыл шаруашылығы, жер, халық тұрмысы, тұрғын-жай мәселелері	74
қоршаған ортаны қорғау экология мәселелері	2
ақпараттандыру, цифрландыру байланыстары, БАҚ мәселелері	20
басқа мәселелер (жеке қабылдау, кездесулер, қызметтер, т.б.)	226
Барлығы:	**2241**

Өтініштердің басым көпшілігі келесі депутаттарға келіп түскен:

Өтініштердің басым көпшілігі Сенат Төрағасының атына – 1041, В.В.Волковқа – 286, Н.Төреғалиевке – 104, А.Ш.Әлназароваға – 40, Қ.Б.Сафиновке – 35 түсті.

Сенат төрағасы атына	1041
В.В. Волков	286
А.Ш. Әлназарова	40
Қ.Б. Сафинов	35
Н. Төреғалиев	104
Басқа депутаттарға	735
Барлығы:	**2241**

Өңірлер бойынша өтініштердің басым көпшілігі:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы қаласынан – 607, Астана қаласынан – 377, Алматы облысынан – 206, Ақмола обласынан – 179, Қостанай облысынан –133, Шымкент қаласынан - 123 келіп түсті.

Абай облысы	24
Ақмола облысы	179
Ақтөбе облысы	24
Алматы облысы	206
Атырау облысы	56
ШҚО	61
Жамбыл облысы	93
Жетісу облысы	19
БҚО	30
Қарағанды облысы	59
Қостанай облысы	133
Қызылорда облысы	34
Маңғыстау облысы	79
Павлодар облысы	25
СҚО	15
Түркістан облысы	80
Ұлытау облысы	7
Астана қаласы	377
Алматы қаласы	607
Шымкент қаласы	123
ТМД және алыс шет елдері	10
Барлығы:	**2241**

II. ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

1	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	1
2	Палаталардың бірлескен отырысында Парламент қабылдаған	47
3	Мәжіліс мақұлдағаннан кейін Сенат қабылдаған заңдар	39
4	Мәжіліске қайтарылған заң жобалары	7
5	Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен Мәжіліс қабылдаған заңдар	7
6	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы	1
7	Конституциялық заңдар	5
8	Дербес заңдар	9
9	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар	21
10	Ратификациялау туралы заңдар	13
11	Қазақстан Республикасының Президенті бастамашы болған және Палаталардың бірлескен отырысында Парламент қабылдаған заң жобасы	1
12	Депутаттар бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң жобалары	3
13	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң жобалары	43

ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы.
2	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы.
3	Прокуратура туралы.
4	Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5	Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1	Рақымшылық жасау туралы.
2	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы.
3	Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.
4	2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.
5	Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы.
6	Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы.
7	Агломерацияларды дамыту туралы.
8	Өсімдіктер дүниесі туралы.
9	Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы.
6	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
8	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
10	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы.
11	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
12	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
13	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

14	Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
15	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
16	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
17	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
18	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
19	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның кадр құрамын қалыптастыру тетігін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
2	2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау туралы.
3	Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы.
4	2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.

5	Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы.
6	Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы.
7	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
8	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімді ратификациялау туралы.
9	Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы.
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы.
11	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
12	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
13	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

1	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

1	Рақымшылық жасау туралы (Мәжіліс депутаттары және А.И.Лукин, Н.Н.Нұрсипатов, Л.Ж.Сүлеймен).
2	Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Мәжіліс депутаттары және Қ.Б.Сафинов).
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Мәжіліс депутаттары және Ә.Т.Нұралиев).

СЕНАТ ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

№	*Заңның атауы*	*Түзетулер саны*
1	Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.	3
2	2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы.	57
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	3
4	Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы.	6
5	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	2
6	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	40
7	Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	4
Барлығы:		**115**

III. СЕНАТТА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2022 жылғы 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті **47** заң жобасын қарап, қабылдады. Оның ішінде:

ҚР Конституциясына түзетулер енгізу – **1**;

конституциялық заңдарға түзетулер енгізу – **5**;

дербес заңдар – **9**;

қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізуді көздейтін заңдар – **19**;

халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **13**.

Парламент Сенатының
2022 жылғы 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан
аралығындағы заңшығарушылық қызметі туралы ақпарат



Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитет ретінде:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 9 заң жобасын;

Қаржы және бюджет комитеті – 12 заң жобасын;


Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 8 заң жобасын;

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 7 заң жобасын;

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 3 заң жобасын;

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 7 заң жобасын жүргізді.

Парламент Сенаты комитеттерінің заң жобаларын қарастыру бойынша жұмысы



3.1. СЕНАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. 2022 жылы 16 қыркүйекте Парламент Палаталарының бірлескен отырысында **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

Заң жобасы Мемлекет басшысының саяси бастамаларына сәйкес, сондай-ақ Парламент депутаттарының ұсынысы бойынша әзірленді.

Заң жобасы кейіннен қайта сайлау құқығынсыз ұзақтығы жеті жыл бір президенттік мерзім туралы ережелерді қамтиды. Сондай-ақ Конституцияның Президенттің өкілеттік мерзіміне және оны қайта сайлау жөніндегі шектеулерге қатысты ережелерінің өзгермейтіндігін белгілейтін түзету көзделген.

Сонымен қатар заң жобасына түзетулер келесі өзгерістерді көздейді:

- Конституциялық Соттың судьялары қайта тағайындалуына бір реттік шектеу қоя отырып, Конституциялық Сот судьяларының өкілеттік мерзімдерін сегіз жылға дейін ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы астанасының атауын «Астана» деп өзгерту.

3.1.1. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІ

1. «Рақымшылық жасау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасына депутаттар бастамашылық жасады және ол Мемлекет Басшысының 2022 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмаларды орындау үшін әзірленді.

Заң жобасының мақсаты 2022 жылғы 4 – 7 қаңтар аралығындағы кезеңде тәртіпсіздіктер кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты қылмыстық-құқықтық сипаттағы біржолғы ізгілік актісі болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті 2022 жылғы 4 – 7 қаңтар аралығындағы кезеңде арандатушылардың ықпалына түскен және жаппай тәртіпсіздіктер жағдайында қылмыстық іс-әрекеттер жасаған адамдарды, сондай-ақ қаңтар оқиғалары уақытында құқыққа қарсы іс-әрекеттің жолын кесу кезінде қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берген құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерді жазалау мерзімін қысқарту және жазаны өтеуден босату болып табылады.

Заң жобасы ізгілік актісінің қолданылуына жататын Қылмыстық кодекс баптарының тізбесін, рақымшылықты қолдану шарттары мен тәртібін қарастырады, сондай-ақ босатылған адамдарды орналастыру, жұмысқа тұрғызу, оларға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар бойынша Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың құзыретін бекітеді.

Заң жобасы қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған тәртіпсіздіктерге қатысушыларға қатысты қылмыстық істерді тоқтатуды, осындай іс-әрекеттер бойынша сотталғандарды жазадан босатуды, сондай-ақ осындай құқық бұзушылықтар үшін жазасын өтегендерден сотталғандығын алып тастауды көздейді.

Заң жобасымен ауыр қылмыстар жасаған адамдарға сот тағайындаған жаза төрттен үшке, аса ауыр қылмыстар – жартысына қысқартылады.

Террористік, экстремистік, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекетке опасыздық, азаптаулар жасаған, қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы кезінде, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыруды, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған адамдар рақымшылыққа жатпайды.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Заң 2022 жылы 27 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ.Сафинов.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа айналдыру бөлігінде Конституцияға енгізілген өзгерістерді іске асыру, мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейту және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімділігін кеңейту болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері – Конституциялық Сот қызметінің құқықтық негіздерін құру, оған Конституциямен жүктелген өкілеттіктерді іске асыру.

Заң жобасын екі негізгі блокқа бөлуге болады:

Бірінші блок Конституциялық Соттың, оның судьяларының мәртебесін, олардың кепілдіктері мен қамтамасыз етілуін көздейді.

Мәселен, Конституциялық Сот еліміздің барлық аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болып табылады.

Заң жобасында:

- Конституциялық Сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібі;
- судьялардың тәуелсіздігі мен қол сұғылмаушылығы;
- судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі нормалар;
- Конституциялық Соттың құзыреті және оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары көзделген.

Конституциялық соттың құзыретіне сайлау өткізудің дұрыстығы мәселелерін қарау, Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттарды олардың Конституцияға сәйкестігіне қарау, сондай-ақ Конституция нормаларына ресми түсініктеме беру жатады.

Конституциялық сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайтын болады.

Сондай-ақ, Бас Прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын алды.

Екінші блок конституциялық іс жүргізу тәртібін көздейді.

Мәселен, заң жобасында:

- конституциялық іс жүргізудің жалпы шарттары мен қағидаттары;
- Конституциялық Сотқа жүгіну түрлері, олардың нысаны мен мазмұны;
- азаматтардың өтініштеріне жол беру өлшемшарттары айқындалған.

Заң жобасында азамат дауласатын заңды немесе өзге нормативтік құқықтық актіні жалпы юрисдикция соты қолдануы не заңды күшіне енген сот актісі шығарылған нақты істе оның құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғауы тиіс деген жалпы ережені белгілеу ұсынылады.

Өтініштерді қарау тәртібі бес кезеңнен тұрады:

1. Конституциялық Сот Аппаратының жолданымдарды алдын ала қарауы.
2. Конституциялық іс жүргізуге жолданымды қабылдау.
3. Конституциялық соттың отырысында жолданымды қарау үшін материалдар дайындау.
4. Жолданымды қарау бойынша отырыс өткізу.
5. Түпкілікті шешім қабылдау.

Сондай-ақ, заң жобасында Конституциялық сот шешімдерін орындау тетіктері көзделген.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер: Конституцияға сәйкес құқықтық жүйені дамыту, азаматтардың конституциялық құқықтарын және елдегі заңдылық режимін қорғау кепілдіктерін нығайту, халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыру.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

3. «Прокуратура туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А.Лукин.

Заң жобасы ҚР Конституциясының 83-бабын іске асыру және Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты прокуратураның құқық қорғау қызметін жүйелі күшейту, елдегі жоғары қадағалау мен заңдылық құралдарын нығайту болып табылады.

Заң жобасының ережелері:

- прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізі және олардың құрылымы;
- прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары;
- прокурорлардың өкілеттіктері;
- жоғары қадағалаудың шектері мен нысандары, мемлекет мүдделерін сотта білдіру, қылмыстық қудалау, жолданымдарды қарау;
- прокурорлар қызметінің құқықтық кепілдіктері бөлігінде прокуратура органдарының құзыретін, оларды ұйымдастыру және қызмет тәртібін айқындайды.

Заң жобасының новеллалары мынадай ережелер болып табылады.

Бас Прокурорға:

- Конституция нормаларын түсіндіру, халықаралық шарттар ратификацияланғанға дейін олардың және нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан Конституциялық Сотқа;
- азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселелері жөнінде соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныспен Жоғарғы Сотқа жүгіну құқығы берілді.

Бас прокуратура өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) мемлекеттің мүдделерін білдіретін болады.

Заң жобасында прокуратура органдары ведомствосының, Құқық қорғау органдары академиясының, әскери және көлік прокуратурасы органдарының қызметіне қатысты олардың негізгі функциялары көрсетілген жекелеген ережелер бар.

Заң жобасында прокуратураның шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағымдарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі регламенттелген, оларды қараудың мерзімдері және қорытындылары бойынша қабылданатын шаралар айқындалған.

Прокурорлардың қадағалау функцияларын күшейту мақсатында прокурорлық қадағалаудың жаңа актісі – заңды бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру енгізілді.

Адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін прокуратура Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен де өзара іс-қимыл жасайтын және оның қызметіне жәрдем көрсететін болады.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, халықтың прокуратура органдарына деген сенім деңгейін арттыру жөніндегі конституциялық міндетті шешу болып табылады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекназаров.

Конституциялық заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты – адам құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы дәйекті жетілдіру, атап айтқанда, адам және азамат құқықтарын іске асырудың кепілі ретінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесін бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-1-бабын іске асыру.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің құқықтық мәртебесін, қағидаттары мен кепілдіктерін конституциялық регламенттеу арқылы ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметін жүйелі нығайту;

- адам құқықтары жөніндегі уәкілдің тәуелсіздігінің, ашықтығының, бейтараптығының кепілдіктерін күшейту.

Заң жобасы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің:

- Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарына, Парламенттің және оның Палаталары жұмыс органдарының отырыстарына және Парламент депутаттарының қатысуымен өтетін өзге де іс-шараларға қатысу;

- Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі мәселесі бойынша Конституциялық Сотқа жүгіну;

- басқа мемлекеттерде олардың шақыруы бойынша адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылаушы ретінде әрекет ету;

- мемлекеттік органдар, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдары мен азаматтары арасындағы дауды реттеу бойынша қоғамдық диалогқа қатысу құқығын бекітеді.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі мен қызметінің ұлттық құқық қорғау мекемесін қорғау мен нығайтудың халықаралық қағидаттарына сәйкестігі;

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі ұлттық институттың тиімді жүйесін қалыптастыру;

- бұзылған құқықтарды қорғауда азаматтардың құқықтық кепілдіктерін күшейту.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру және қолданыстағы конституциялық заңдарды Қазақстан Республикасы Конституциясы нормаларының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеттері: Президенттің өкілеттіктерін қысқарту; биліктің өкілді тармағын қайта форматтау; сайлау жүйесін жетілдіру; құқық қорғау институттарын күшейту; сайлау процесін жаңғырту болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 8 Конституциялық заңына түзетулер көзделеді.

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңға түзетулер Президент үшін президенттік кезеңде саяси партияларға мүшелікке шектеулер; Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарына орналасуға шектеулер енгізуді; Парламент Сенаты депутаттарын, Конституциялық Сот және Жоғары Сот Кеңесі төрағаларын тағайындау жөніндегі өкілеттіктерді өзгертуді, сондай-ақ нақтылаушы түзетулерді көздейді.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға Сенатты қалыптастыру тәртібін және оның бірқатар функцияларын қайта қарауға; аралас сайлау жүйесін енгізуге; Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын алып тастауға; Парламент палаталарында заңдарды қарау және қабылдау тәртібін қайта қарауға; Үкіметтің заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді қабылдауына қатысты және басқа да нормалар енгізілген.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда көзделген түзетулер Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын мажоритарлық жүйе бойынша сайлау; мажоритарлық жүйе бойынша сайланған Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын кері шақыртып алу; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау; аумақтық сайлау комиссияларын кәсіби негізге ауыстыру; сайлау алдындағы үгіт кезеңінде әлеуметтік желілердегі үгіт жөніндегі, сондай-ақ сайлау қорларына берілетін қайырымдылықтардың шекті мөлшеріне, сайлау науқанына қатысушылардың барлығының қаржылық ашықтығын қамтамасыз етуге және сайлауға шетелдік араласуға жол бермеуге қатысты шаралар жөніндегі ережелерді заңнамалық реттеуге бағытталған.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңға дағдарыстық жағдайларға жеделдік қою мақсатында Үкіметке заң күші

бар уақытша актілерді қабылдау құзыретін беруге байланысты түзетулер ұсынылады.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасын әзірлеуге, Президенттің қайта сайлау құқығынсыз өкілеттік мерзіміне қатысты ережелер референдумның мәні бола алмайтындығы туралы Конституцияның жаңа нормаларына сәйкес келтіруге байланысты түзетулер көзделген.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға Жоғары Сот Кеңесін қалыптастыру, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесінің төрағасын тағайындау тәртібін өзгерту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар көзделген.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулер «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасын әзірлеуге, «Мемлекеттік хатшы» лауазымын «Мемлекеттік кеңесші» деп қайта атауға байланысты.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңға елорданың атын өзгертуге байланысты түзету көзделген.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер: еліміздің саяси жүйесін жаңғырту; Парламенттің өкілеттіктерін кеңейту, саяси бәсекелестікті арттыру, барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету; аралас сайлау жүйесіне көшу, сайлау рәсімдерін жетілдіру; жергілікті атқарушы органдардың дербестігін күшейту.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л.Сүлеймен.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмаларын орындау аясында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Мемлекет басшысы бастамашылық еткен саяси реформаларды іске асыру шеңберінде қолданыстағы заңнама нормаларын қазіргі заманғы сын-қатерлер талаптарына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының кодекстері мен заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасының негізгі міндеттері Конституцияның жаңашылдықтарын қолданыстағы заңнамалық актілерге имплементациялау, сондай-ақ Президенттің мемлекеттік аппарат пен саяси институттарды демократияландыруға бағытталған жаңа саяси бастамаларын іске асыру болып табылады.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттік басқарудың және саяси процестерді реттеудің қазіргі заманғы тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, мемлекетті басқару процестерінде азаматтардың белсенділігін дамытуға ықпал ететін болады.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

7. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Р.Әбдікеров.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының мақсаты Конституциялық Сот құру бойынша жүргізіліп жатқан саяси реформаларды іске асыру, сайлау процесі мен сайлау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы Конституциялық Соттың қызметіне және сайлау құқығына қол сұғатын құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

Мәселен, сайлау алдындағы науқан кезеңінде жаңалықтар бағдарламаларында, талдамалық бағдарламаларда үгіт материалдарын таратқаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту бойынша түзетулер енгізіледі.

Заң жобасында Конституциялық Соттың төрағасына немесе мүшесіне, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің шарттары мен тәртібін айқындау, Жоғары аудиторлық палатаның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы көзделеді.

Заң жобасының күтілетін нәтижелер - әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыру мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру, әкімшілік істер бойынша бірыңғай сот практикасын белгілеу, сайлау процесінің ашықтығын арттыру.

Заң 2022 жылы 3 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекназаров.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы сот төрелігін жүзеге асыруға азаматтық қатысуды және алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істердің санаттарын кеңейту бөлігіндегі тапсырмаларды орындау шеңберінде әзірленген.

Заң жобасының мақсаты сот жүйесін жетілдіру және сот төрелігін жүзеге асыру тиімділігін арттыру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері – алқабилердің қатысуымен сот қарайтын қылмыстық істер мәселелерін реттейтін қылмыстық-процестік заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады.

Мәселен, заң жобасында:

- алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын қылмыстық істердің соттылығының жататындығы, олардан алып тасталатын істер;
- қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотқа қылмыстық істердің соттылығының жататындығы;
- алқабилердің қатысуымен соттың қарауына жататын істер санаттарын кеңейтуді есепке ала отырып, сотта алдын ала тыңдау өткізу тәртібі айқындалады.

Заң жобасын қабылдау:

- сот жүйесін демократияландыруды, сот төрелігін жүзеге асыру рәсіміне азаматтық қоғамның қатысуын жандандыруды;
- соттарға сенім деңгейін арттыруды;
- сот төрелігін жүзеге асыру нәтижелеріне қанағаттанушылық деңгейін арттыруды;
- қоғамның құқықтық мәдениетін және құқықтық санасын арттыруды;
- тараптардың теңдігі және процестің жарыспалығы сияқты қылмыстық сот ісін жүргізудің қағидаттарын тиімді іске асыру үшін құқықтық алғышарттар жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2022 жылы 15 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А.Лукин.

Заң жобасын Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2021 жылға арналған жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі әзірлеген.

Заң жобасының мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру және халықаралық озық стандарттар негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралдарын енгізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Заң жобасы 11 заңнамалық актілерге, оның ішінде 3 кодекс пен 8 заңға түзетулерді қамтиды.

Заң жобасының негізгі міндеттері мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген және оларға теңестірілген адамдардың негізсіз баюын бақылаудың алдын алу шаралары арқылы сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық

фактілері туралы хабарлаған адамдарды тиісінше қорғауды, оның ішінде олардың еңбек құқықтарына нұқсан келмеуіне және берілген ақпараттың құпиялылығына кепілдік беру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасын қабылдау:

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген және оларға теңестірілген адамдардың көлеңкелі кірістерін анықтауды;
- мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ашықтығын;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін теріс фактор ретінде сыбайлас жемқорлықты азайтуды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасында:

- «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам» ұғымы нақтыланады;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізбесі кеңейтіледі;
- сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілерінің тергеуіне жатқызу айқындалады;
- мемлекеттік қорғауға жататын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарға қатысты қауіпсіздік шаралары мәселесі регламенттеледі;
- Еңбек кодексі жұмыскердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткені туралы ақпаратты жария етпеу жөнінде келісім жасасу құқығын бекітетін нормалармен және жұмыс берушінің осындай келісім жасасудағы тиісті міндетімен толықтырылады;
- қылмыстық процеске қатысушы және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдар, қорғалатын адамдардың құқықтары мен міндеттері бекітіледі;
- салықтық әкімшілендіру құралдарын пайдалану арқылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 11-бабында көзделген мемлекеттік қызметшілердің және өзге адамдардың шығыстары мен кірістерін бақылауды енгізу ұсынылады.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Шелпеков.

Заң жобасының мақсаты.

2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа, сондай-ақ оларда қолданылатын терминология мен ұғымдық аппаратқа сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасының міндеті.

2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шартты қолданыстағы құқықтық актілерге сәйкес өзектендіру.

Күтілетін нәтиже.

Заң жобасын қабылдау Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзара іс-қимыл тетігін жақсартуға ықпал етеді.

Заң 2022 жылы 13 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Шелпеков.

Заң жобасының мақсаты.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шеңберінде өзара іс-қимыл жасау және ақпарат алмасуды жүзеге асыру тәртібін айқындау.

Заң жобасының міндеті.

Жеке тұлғалардың Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізуі бойынша ақпараттық өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру.

Күтілетін нәтиже.

Заң жобасын қабылдау:

жолаушылардың кедендік декларациясында және тауарларға арналған декларацияда мәлімделген қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу бойынша жеке тұлғалар жөнінде өзара мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету;

капиталды заңсыз әкетудің алдын алу үшін бірыңғай талаптарды және қарсы іс қимыл тетігінің жұмыс істеуі үшін бірыңғай шарттарды айқындау;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында капиталды заңсыз шығарудың алдын алу жөніндегі жұмысты күшейту.

Заң 2022 жылы 13 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Трұмов.

Заң жобасының мақсаттары:

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес әзірленді, оған сәйкес жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі республикалық бюджет пен облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала және астана бюджеттері арасында жылдар бойынша бөлініп, үш жылдық кезеңге абсолютті түрде белгіленеді.

Заң жобасының міндеттері:

Заң жобасында өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру және оларға мемлекет кепілдік берген халыққа қызметті көрсету үшін тең фискалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге қажетті жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі белгіленеді.

Жалпы сипаттағы трансферттерге мынадай мөлшерде айқындалған бюджеттік алып қоюлар мен бюджеттік субвенциялар жатады:

бюджеттік алып қоюлар:

2023 жылы – 425,9 млрд. теңге;

2024 жылы – 464,7 млрд. теңге;

2025 жылы – 497,9 млрд. теңге;

бюджеттік субвенциялар:

2023 жылы – 5 027,6 млрд. теңге;

2024 жылы – 5 299,9 млрд. теңге;

2025 жылы – 5 820,5 млрд. теңге.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі тиісті жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындалған.

2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемін есептеу кезінде 2023 жылдан бастап төлемдер, мемлекеттік баждар және салықтық емес түсімдер бойынша түсімдердің кейбір түрлерін беруді ескере отырып есептелген жергілікті бюджеттердің кірістер болжамы пайдаланылды.

Жергілікті атқарушы органдар шығындарының болжамы жаңа тәсіл бойынша есептелген, оған сәйкес әрбір өңірдің ағымдағы шығыстарының нақты қалыптасқан деңгейін есептік база ретінде пайдалану болжанады.

2023 – 2025 жылдарға арналған субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу жағдайын, балаларды тегін шығармашылық, спорттық үйірмелермен қамтуды, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл өңірлерінің әлеуетін нығайту деңгейін және жергілікті қаражат есебінен ұсталатын ішкі істер органдарын кезең-кезеңімен материалдық-техникалық жарақтандыруды ескеретін жаңа коэффициенттерді ескере отырып есептелген бюджет.

Ағымдағы шығындардың болжамды көлемін есептеу кезінде жоспарланған кезеңде тұтыну бағаларының индексіне (жалақыны қоспағанда) ағымдағы шығындардың ұлғаюы ескерілді.

2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына бұрын Республикалық бюджет комиссиясының шешімі бойынша республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған 9,9 трлн. теңге, оның ішінде 2023 жылға – 2,9 трлн. теңге, 2024 жылға – 3,3 трлн. теңге, 2025 жылға – 3,7 трлн. теңге сомасында тұрақты сипаттағы шығындар енгізілді.

Бұдан басқа, заң жобасында өңірлерге бағыттауға тиіс бюджет қаражатының ең төменгі көлемі белгіленеді:

- салауатты өмір салтын насихаттау;

- вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алу;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық-емханалық көмек және стационарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығындарды жүзеге асыру;

- апатты және (немесе) үш ауысымды мектептерді жою үшін басым тәртіппен орта білім беру объектілерін салуды және реконструкциялауды аяқтау;

- облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

Заң жобасын қабылдау әртүрлі экономикалық әлеуеті бар өңірлердің қаржылық мүмкіндіктері арасындағы теңсіздікті жоюға ықпал ететін болады, бұл тұрғылықты өңіріне қарамастан, мемлекет кепілдік берген қызметтердің тең деңгейіне халықтың қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Заң жобасын талқылау барысында комитеттер мен Сенат депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер енгізу қажеттігі туындады:

- «Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу бойынша қаржыландыру әдістемесіне» сәйкес бөлінген қаражат шеңберінде облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға арналған шығыстарды қайта қарау;

- бюджет саласының қызметкерлері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын қаржыландыруға бағытталған қаражатты жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке ауыстыруға байланысты шығыстарды қайта қарау;

- тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығыстарды өтеу және көшуге субсидия берудің орнына, еңбегі артық өңірлерде тұратын қоныс аударушылар мен қандастардың отбасыларына солтүстік өңірлерге қоныс аударуға экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру;

– «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде Қостанай облысының көшелерін орташа жөндеуге қосымша қаражат бөлу.

Заң жобасы 2022 жылы 10 қарашада өзгерістер енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 23 қарашада ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

4. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Трұмов.

Заң жобасының мақсаты.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшерін 2023 жылға – 2 200 млрд.теңге, 2024 жылға – 2 000 млрд. теңге, 2025 жылға – 1 900 млрд. теңге көлемінде бекіту болып табылады.

Заң жобасының міндеті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мемлекеттік міндеттемелерді орындау бойынша шығыстарды қамтамасыз ету үшін республикалық бюджетке жіберілетін болады.

Күтілетін нәтиже.

Заң жобасын қабылдау бюджет пен Ұлттық қордың теңгерімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2022 жылы 10 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

5. «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Трұмов.

Заң жобасының мақсаты.

Заң жобасы әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, Қазақстан Республикасының 2023 – 2025 жылдарға арналған бюджеттік параметрлері және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары негізінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

1) азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ету;

2) макроэкономикалық орнықтылықты сақтау және халықтың табысын арттыру үшін жағдайлар жасау;

3) ағымдағы шынайы жағдайларға бейімдей отырып, экономикалық модельді құру.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер

Заң жобасы жалпыұлттық басымдықтарды және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын ескере отырып, алдағы кезеңге халықтың әл-ауқатын жақсартуды және орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған, олардың шеңберінде тиімді монетарлық саясатты іске асыру, бәсекелі қаржы нарығын дамыту, көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, экономиканың салаларын, ауыл шаруашылығын және көлік-логистикалық кешенді дамыту жоспарланып отыр.

Бюджеттің шығыс бөлігінің жобасында мемлекеттік органдардың саясатындағы жекелеген бағыттардың өзгерістері, Мемлекет басшысының жолдауларына, заңнамалық актілерге сәйкес жаңа міндеттемелер бойынша толықтырулар ескерілген.

Бұдан басқа, республикалық бюджет шығыстарының құрылымы 2022 жылғы жоспармен салыстырғанда және «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» жаңа Қазақстан Республикасы Заңы жобасының (бұдан әрі – ЖСТ көлемі туралы ҚР Заңының жобасы) нормаларын ескере отырып айтарлықтай өзгерді, оған сәйкес республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттер базасына берілген трансферттерді ескере отырып, өңірлерге берілетін субвенциялар айқындалған.

Еліміздің 2023 – 2027 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы ЖІӨ бойынша 2021 жылғы есепті деректерді және 2022 жылғы нақтыланған бағалауды, әлемдік экономиканың өсуі бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдарын және тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістерін ескере отырып қалыптастырылды.

ЖІӨ-нің нақты өсімі 2023 – 2025 жылдары 4,0% – 4,1 % деңгейінде болжанады.

Жан басына шаққанда ЖІӨ 2023 жылы 13,2 мың АҚШ долларын құрап, 2025 жылы 15,6 мың АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

Бағалау бойынша ағымдағы серпін сақталған жағдайда мұнайдың орташа жылдық бағасы 2022 жылы барреліне 100 АҚШ долларынан асады. Орта мерзімді кезеңге болжамда барреліне 85 АҚШ доллары көлеміндегі неғұрлым консервативті баға белгіленген.

Болжамды кезеңде ауыл шаруашылығындағы орташа жылдық өсу қарқыны 3,5%, құрылыста – 3,8%, саудада – 5,6%, өңдеу өнеркәсібінде – 3,3%, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 5,2% құрайды.

Мұнай өндіру көлемі 2023 жылы 92,6 млн. тоннадан 2025 жылы 103,2 млн. тоннаға дейін өседі.

Экспорт көлемі 2023 жылы 80,9 млрд.АҚШ долларын құрап, 2025 жылы 85 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғаяды, импорт тиісті жылдары 45,7 млрд. АҚШ долларынан 49,9 млрд. АҚШ долларына дейін өседі.

Жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі 2023 жылы 7,5 – 9,5%, 2024 жылы 4,0 – 5,0%, кейіннен төмендей отырып, 2025 жылы 3,0 – 4,0% шегінде айқындалды.

Республикалық бюджеттің кірістер болжамы (трансферттер түсімін есепке алмағанда):

- 2023 жылға – 13 911,3 млрд. теңге сомасында айқындалды немесе 3 018,8 млрд. теңгеден аса отырып, ағымдағы жылғы бағалаумен салыстырғанда 127,7%-ды құрайды;

- 2024 жылға – 2023 жылғы болжаммен салыстырып қарағанда 8,0%-ға өсе отырып, 15 020,0 млрд. теңге сомасында;

- 2025 жылға – 2024 жылғы болжаммен салыстырып қарағанда 8,5%-ға өсе отырып, 16 303,4 млрд. теңге сомасында айқындалды.

2023 жылғы республикалық бюджеттің кірістерінде ең көп үлес салмағын (97,5 %) салық түсімдері алады – 13 559,0 млрд.теңге.

Салықтық емес түсімдер бойынша 2023 жылға арналған болжам 2022 жылға нақтыланғанғанмен салыстырып қарағанда 8 млрд. теңгеге азайтыла отырып, 351,0 млрд. теңге сомасында айқындалды.

Трансферттердің түсімдері:

- 2023 жылы – 3 626,0 млрд. теңге сомасында;

- 2024 жылы – 2 865,0 млрд. теңге сомасында;

- 2025 жылы – 2 398,0 млрд.теңге сомасында болжанады.

Бұл ретте ЖСТ көлемі туралы ҚР Заңының жобасына сәйкес:

- 2023 жылға – 426,0 млрд. теңге;

- 2024 жылға – 466,0 млрд. теңге;

- 2025 жылға - 498,0 млрд. теңге бюджеттік алулар айқындалды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 – 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында:

2023 жылға – 2 200,0 млрд. теңге;

2024 жылға – 2 000,0 млрд. теңге;

2025 жылға – 1 900,0 млрд. теңге кепілдендірілген трансферттің түсуі көзделген.

Дағдарысқа қарсы іс-шараларды, ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 жылы – 1 000,0 млрд.теңге, 2024 жылы – 400,0 млрд. теңге нысаналы трансферт тарту көзделген.

Заң жобасын талқылаудың қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісінде ауылдық және қалалық жерлерде сумен жабдықтауды, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, жолдарды дамытуға, газбен жабдықтауға және медициналық инфрақұрылым объектілерін салуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Үкімет Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын қаржылық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізді.

Мәселен, қаражат зейнетақының орташа мөлшерін, бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемдер кезеңін ұлғайтуға, Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауын өткізуге, Жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтамасыз етуге және мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға қайта бөлінді.

Осы шығыстарды қаржыландыру көздері Үкімет резерві болып табылады.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемі:

- 2023 жылы – 20 991,0 млрд. теңге сомасында;
- 2024 жылы – 21 628,0 млрд. теңге сомасында;
- 2025 жылы – 22 636,0 млрд.теңге сомасында жоспарлануда.

Үш жылдық бюджет шеңберінде жалпы мемлекеттік шығыстарға 24 259,0 млрд.теңге, оның ішінде 2023 жылға – 7 638,0 млрд. теңге, 2024 жылға – 7 905,0 млрд. теңге, 2025 жылға – 8 716,0 млрд. теңге көзделген.

Дәстүрлі түрде үш жылдық кезеңдегі бюджет шығыстарындағы ең үлкен үлес әлеуметтік саланың шығыстарынан тұрады – 36,1 трлн. теңге, оның ішінде 2023 жылға – 10,6 трлн. теңге, 2024 жылға – 12,2 трлн. теңге, 2025 жылға – 13,2 трлн. теңге.

Әлеуметтік сала бойынша жергілікті бюджеттер базасына ЖСТ көлемі туралы ҚР Заңының жобасы шеңберінде:

- 2023 жылы – 2 517,0 млрд. теңге сомасында;
- 2024 жылы – 2 923,0 млрд. теңге сомасында;
- 2025 жылы – 3 363,0 млрд.теңге сомасында шығыстар берілді.

2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте жоспарланған қаражат шеңберінде бұл салада мынадай басым бағыттарды іске асыру жоспарлануда:

- әлеуметтік төлемдерге және әлеуметтік қамсыздандыруға – 15 158,0 млрд. теңге, оның ішінде 2023 жылға – 4 656,0 млрд. теңге;

- әлеуметтік төлемдерді индекстеуге – 1 228,0 млрд. теңге, оның ішінде 2023 жылы – 439,0 млрд. теңге;

- жалақыны арттыруға (педагогтер, дәрігерлер, медициналық емес қызметкерлер, азаматтық қызметшілер) – 1 623,0 млрд. теңге, оның ішінде 2023 жылы – 794,0 млрд. теңге;

- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жаңадан іске қосылатын 1740 мектепті салуға және күтіп-ұстауға 2 606,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылы – 500,0 млрд. теңге;

- Қазақстанның жоғары оқу орындарында және шетелде кадрлар даярлауға 1 375,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылы – 386,0 млрд. теңге;

- ғылымды дамытуға 637,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 157,0 млрд. теңге;

- азаматтарға медициналық көмек көрсетуге – 5 972,0 млрд. теңге, оның ішінде 2023 жылға – 1 856,0 млрд. теңге;

- жоғары жетістіктер спортын дамытуға 163,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 70,0 млрд. теңге;

- мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге 165,0 млрд.теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 56,0 млрд. теңге.

Экономиканың нақты секторын қолдауға арналған шығыстар – 6 068,0 млрд.теңге, оның ішінде 2023 жылға – 2 485,0 млрд. теңге.

ЖСТ көлемі туралы заң жобасы шеңберінде жергілікті бюджеттер базасына 1 018,0 млрд.теңге, оның ішінде 2023 жылға – 336,0 млрд. теңге сомасында шығыстар берілді.

Экономиканың нақты секторына арналған шығыстар мынадай басым бағыттарды іске асыруға жоспарланған:

- өңдеу өнеркәсібін дамытуға 2023 жылға – 170,0 млрд. теңге;

- кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға және қолдауға 441,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылы – 186,0 млрд. теңге;

- көлік инфрақұрылымын дамытуға 1 444,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 482,0 млрд. теңге;

- көктемгі егіс жұмыстарына 420,0 млрд. теңге, оның ішінде 2023 жылға – 140,0 млрд. теңге сомасында кредит беру;

- ауыл халқының табысын арттыру бойынша жобаны ауқымды етуге 117,0 млрд. теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 52,0 млрд. теңге;

- газ-көлік жүйесін дамытуға 116,0 млрд.теңге сомасы, оның ішінде 2023 жылға – 73,0 млрд. теңге.

Күштік құрылымдардың шығыстары 6 426,0 млрд.теңге, оның ішінде 2023 жылға – 2 217,0 млрд. теңге сомасында жоспарланған.

Күштік құрылымдар бойынша ЖСТ көлемі туралы заң жобасы шеңберінде жергілікті бюджеттер базасына 116,0 млрд.теңге, оның ішінде 2023 жылға – 40,0 млрд. теңге сомасында шығыстар берілді.

2023 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығы 3 200,0 млрд.теңге немесе ЖІӨ-ге 2,7%, 2024 жылға – 3 489,1 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 2,6%, 2025 жылға – 3 685,0 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге 2,5% мөлшерінде айқындалған.

Мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің 2023 жылға арналған болжамы 92,6 млн. тонна болатын мұнай өндіру көлемін, барреліне 85 АҚШ доллары болатын мұнайдың әлемдік бағасын, АҚШ долларына шаққанда 470 теңге болатын теңгенің бағамын негізге ала отырып 6 148,2 млрд. теңгені құрады.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат комитеттері мен депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай негізгі бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады:

- жалпы сомасы 13,7 млрд. теңгеге, оның ішінде 2023 жылы – 7,8 млрд. теңгеге елді мекендердің көшелерін, автожолдар мен көпірлерді салу және реконструкциялау;

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 85,1% -ды құрауы тиіс.

- жалпы сомасы 22,2 млрд. теңгеге, оның ішінде 2023 жылы – 8,2 млрд. теңгеге су құбыры желілерін салу және реконструкциялау, бұл сумен жабдықтау қызметтеріне халықтың қолжетімділігін қалаларда 99%-ға дейін, ауылдарда 96,1%-ға арттыруға мүмкіндік береді;

- жалпы сомасы 14 млрд. теңгеге, 2023 жылы – 1,4 млрд. теңгеге газбен жабдықтау, бұл газдандыру деңгейін 61,6%-ға қол жеткізуге мүмкіндік береді;

- жалпы сомасы 6,3 млрд. теңгеге, оның ішінде 2023 жылы – 2,0 млрд. теңгеге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу;

- жалпы сомасы 2,0 млрд. теңгеге сыртқы электрмен жабдықтау объектілерін салу.

Бұдан басқа, мемлекеттік органдар арасында қаражат қайта бөлінді, сондай-ақ депутаттардың басқа да ұсыныстары қолдау тапты.

Шығыстарды ұлғайту бойынша ұсыныстар жалпы алғанда 71,8 млрд. теңгеге, оның ішінде 2023 жылы 30,0 млрд. теңгеге қолдау тапты.

Шығыстардың ұлғаюын қаржыландыру Үкіметтің резерві есебінен жүзеге асырылатын болады.

Заң жобасы 2022 жылы 10 қарашада өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 23 қарашада ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

6. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жекеше секторға және экономиканы неғұрлым орнықты қалпына келтіруге негізделген даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Орынбеков.

Заң жобасының мақсаты.

Заң жобасында Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы өтеу мерзімі 2,5 жылдық жеңілдік кезеңін қоса

алғанда 11,5 жыл, сыйақы мөлшерлемесі еврибор+ауыспалы спред болатын, қарыз сомасының 0,25% құрайтын біржолғы комиссиясы және резервке қою үшін қарыз қаражатының алынбаған қалдығының жылдық 0,25% құрайтын комиссиясы бар, республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 345 700 мың еуро сомасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялау көзделеді.

Заң жобасының міндеті.

Заң жобасының міндеті республикалық бюджеттің қабылданған міндеттемелерін, оның ішінде республикалық бюджетте көзделген мемлекеттің әлеуметтік және басқа да басым мақсаттарын қолдау болып табылады.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кешенді шараларын қолдауға және республикалық бюджет тапшылығын толық қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң 2022 жылы 17 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ғ.Дүйсембаев.

Заң жобасы Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру, инвестициялар тартуды ынталандыру, бизнес-ортаны дамыту, салықтық әкімшілендіруді оңайлату, сондай-ақ салық салынатын базаны кеңейту мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

- микро- және шағын кәсіпкерлік үшін жиынтық жүктемені азайта отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлемді енгізу. Бірыңғай төлем сомасын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы бірыңғай жиынтық төлем тетігі жөніндегі қорлар мен бюджет бойынша бөлетін болады;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кезінде ҚҚС-ны 70%-ға азайту жөніндегі норманы кеңейту. Мәселен, осы жеңілдікті ауланған балықты өз қуаттарымен қайта өңдеу кезінде балық аулау кәсіпорындарына қолдану ұсынылады;

- қант, кондитерлік өнімдер, ашытқы өндірісінде ҚҚС-ны 70%-ға азайту жөніндегі жеңілдіктердің қолданылу мерзімін ұзарту;

- құрақ қанты шикізатының импортын ҚҚС-дан босату;

- отандық зергерлік саланы қолдау үшін аффинаж зауытының тазартылған алтынды зергерлерге өткізуін ҚҚС-дан босату ұсынылады;

- электр энергетикасы саласында да ынталандыру ұсынылады. Мәселен, меншік иелерінен өтеусіз негізде балансқа қабылданған электр желілерінің құны энергия беруші ұйымның кірісі деп танылмайды;

- бекітілген тарифке «0» төмендету коэффициентін қолдана отырып, жолаушылар тасымалдаушыларына магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсету кезінде шеккен шығыстарды шегерімге жатқызу, сондай-ақ жүк тасымалдаушыларға уақытша теңгерімдеу ақысын шегерімге жатқызу;

- шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде ҚҚС нөлдік мөлшерлемесін белгілеу;

- пестицидтер өндіруге арналған шикізат және (немесе) материалдар импортын ҚҚС-дан босату;

- ұстаушысы БЖЗҚ болып табылатын бағалы қағаздарға төленетін сыйақылар бойынша шегерімдерге арналған шектеулерді алып тастау;

- сатып алғаннан кейін бір жыл ішінде ғана құнының өсуімен тұрақ орындарын сату кезінде мүліктік кіріс бойынша нормаларды қолдану;

- көлік құралдары бойынша мүліктік табысты айқындау кезінде кедендік төлемдердің құнын есепке алу;

- ҚР аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген автомобильдерді заңдастыру кезінде бастапқы тіркеу үшін 200 мың теңге сомасында алым мөлшерлемесін белгілеу;

- тұрмыстық аспаптарды және (немесе) тұрмыстық электроника аспаптарын өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-дан босату;

- мемлекеттік емес музейлер әкелетін өнер туындыларының импортын, осындай туындылардың тізбесін бекіте отырып, ҚҚС-дан босату;

- жүктерді халықаралық тасымалдауды ынталандыру үшін шығарылған жылы 7 жылға дейін ершікті сүйрегіштерді алғашқы тіркегені үшін алым төлеуден босату ұсынылады;

- ипотекалық кредит бойынша берешекті есептен шығарудан түскен кірістерді ЖТС-дан босату;

- жақсартылған модельдік келісімшарт үшін, оның ішінде газ жобалары үшін салықтық ынталандыруды ұсыну.

Сондай-ақ, заң жобасы салықтық әкімшілендіруді жеңілдету бөлігіндегі нормаларды ұсынады, мысалы:

- электрондық шот-фактураларды қолдану арқылы камералдық бақылау жөніндегі нормаларды заңнамалық бекіту;

- ҚҚС қайтару мерзімін күнтізбелік 155 күннен 75 жұмыс күніне дейін қысқарту;

- жалдамалы жұмыскерлер санын салық құпиясын құрмайтын мәліметтер тізбесіне қосу;

- ЕАЭО елдерінің аумағынан уақытша әкелінген тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін белгілеу;

- салық міндеттемесін орындау кестесін қайта қарау құқығын беру.

Бұдан басқа, Заң жобасы жекелеген нормалардың қайталануын болдырмайтын, сондай-ақ нақтылаушы және редакциялық сипаттағы бірқатар өзгерістер мен толықтыруларды көздейді.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже – бизнестің жаңа субъектілері үшін қолайлы бизнес-ортаны және инвестициялық ахуалды қалыптастыру, бұл тұтастай алғанда салық төлеушілер мен мемлекеттің мүдделеріне оң әсер етеді.

Заң 2022 жылы 24 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Орынбеков.

Заң жобасының мақсаттары:

- соттардың қызметін және соттық әкімшілендіруді жетілдіру;
- Мемлекеттік Елтаңбаны пайдалану тәртібін толықтыру;
- қаржы саласындағы инновацияларды дамыту үшін елдің негізгі платформасы ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының жылдам қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету және оның юрисдикциясын инвестициялар тарту үшін пайдалану.

Заң жобасының міндеттері:

- аудандық және оларға теңестірілген соттардың құрылуын жетілдіру, әртүрлі деңгейдегі соттар мен судьялардың өкілеттіктерін толықтыру, сондай-ақ соттық әкімшілендіруді жаңғыртудың басқа да мәселелері;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мөрлерінде Мемлекеттік Елтаңбаны пайдалану;
- Қазақстанда технологиялық компанияларды дамыту және тарту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында цифрлық активтер айналымын құқықтық реттеудің толыққанды жүйесін құру.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

- сот билігінің тәуелсіздігін арттыру, сот жүйесін жетілдіру және соттық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру;
- цифрлық активтермен айналым үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, бұл «Астана» халықаралық қаржы орталығына шетелдік инвесторларды тартады.

Заң жобасын талқылау барысында заң жобасына:

- АХҚО органдарының өкілеттіктеріне;
- Халықаралық төрелік орталықтың шешімдерін тануға және орындауға;
- «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның жекелеген нормаларын қолданысқа енгізу мерзімдеріне;
- қолданысқа енгізу мерзімдерін цифрлық активтер саласындағы заң жобаларының нормаларымен үндестіруге қатысы бар кейбір ережелерге қатысты өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

Заң жобасы 2022 жылы 26 желтоқсанда өзгерістер енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Бекенов.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын талқылау және оны екінші оқылымға дайындау барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген жеті мәселе бойынша қорытындысын алу, сондай-ақ Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай бағыттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады:

1. Бюджет кодексінің 41-бабының 4-1-тармағына сәйкес мемлекеттік тапсырмаларға жатқызылуы мүмкін тапсырыстардың тізбесі айқындалды және олар түпкілікті болуға және кеңейтіліп түсіндіруге жатпауға тиіс. Осыған байланысты мемлекеттік тапсырманы нақтылайтын өзгерістер енгізілді.

2. Заң жобасының нормасында бастапқы статистикалық деректер негізінде бюджеттік шығыстардың әлеуметтік-экономикалық әсеріне талдау жүргізу көзделеді. Бұл ретте, «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес респондентке қатысты, оның ішінде олар бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен Ұлттық банкінің бастапқы статистикалық деректерді пайдалануына жол берілмейді. Осыған байланысты заң жобасында көзделген «Бюджет шығыстарының әлеуметтік-экономикалық әсерін талдау» бабын тұтастай алып тастау ұсынылады.

3. «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын орындау шеңберінде күнтізбелік жыл ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің барлық түрлерін қабылдау үшін «бір терезе» ретінде «е-Өтініш» ақпараттық жүйесін институцияландыруды қамтамасыз ету мақсатында бірқатар заңнамалық актілерге түзетулер ұсынылады, онда мемлекеттік органдар мен мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сұрау салуларды блог-платформа және ашық диалог интернет-порталы арқылы қарауын болдырмау көзделеді.

4. Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйені іске қосу жөніндегі іс-шаралардың жеткіліксіз қаржыландырылуына байланысты оны толық көлемде іске қосу мерзімін 2023 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтарға ауыстыру ұсынылады.

5. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдау шеңберінде Қазақстан Республикасына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген шетелдік автомобильдерді біржолғы заңдастыруды жүргізу міндеті қойылды. Осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде айналымға шығарылған және 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген басқару органдары оң жақта орналасқан автомобильдерге алдағы заңдастыру шеңберінде тыйым салуды алып тастау бөлігінде «Жол қозғалысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзету ұсынылды.

6. Инвестицияларды ұлғайту және коммуналдық желілердің тозуын азайту үшін қажетті жұмыстарды жүргізу мақсатында «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына бекітілген тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту үшін қосымша негізді көздейтін түзетулер ұсынылады.

7. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында энергияны тек көтерме тұтынушыларға беретін электрмен жабдықтаушы ұйымдар (ЭЖҰ) мен қосымша әлеуметтік міндеттемелері бар ЭЖҰ – кепілдік беруші өнім берушілер арасындағы айырмашылықты ескермейтін нормалар көзделген. Ірі тұтынушылармен жасалған шарттардың болуы кепілдік беруші жеткізушілер мен реттеушіге әлеуметтік шиеленісті болдырмауға мүмкіндік беретін халық үшін тарифтің өсуін тежеуге жағдай жасады. Бұл ретте осы нормалар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін болады.

Осыған байланысты халықты электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын кепілдік беретін өнім берушілер үшін сатуға тыйым салуды алып тастау жөніндегі норманы 2030 жылғы 1 қаңтарға дейін кейінге қалдыру ұсынылады.

Заң жобасы 2022 жылы 26 желтоқсанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

10. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Мәкежанов.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің заманауи институтын құру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

Заң жобасы борышкердің төлем қабілеттілігін соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері арқылы қалпына келтіру мүмкіндігін көздейді.

Аталған рәсімдерді қолдану үшін заң жобасында мынадай нормалар ұсынылады:

- соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінен өтуге арналған кіру өлшемшарттары;
- рәсімдерді қолданғаннан кейін борышкер мен кредитор үшін салдары;
- борышкер, кредиторлар, уәкілетті орган үшін өкілеттіктер (құқықтар мен міндеттер);
- рәсімдерді жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдар;
- қаржы басқарушыларының қызметін мемлекеттік бақылау нысандары;
- рәсімдерді тоқтату негіздері;
- борышкердің мүліктік массасын қалыптастыру және оны бөлу тәртібі;
- кредиторлармен есеп айырысу қағидалары;
- кепілді кредиторлардың талаптарын өтеу ерекшеліктері;
- банкрот міндеттемелерін тоқтатудан бас тарту үшін негіздер;
- рәсімдер аяқталғаннан кейін тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелер;
- соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдері аяқталғаннан кейін борышкер үшін шектеулер;
- емдеу жүргізу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеуді жүргізу қажет болған жағдайда соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде борышкер үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуға тыйым салу бойынша шектеулер;
- банкроттардың қаржылық сауаттылығын арттыру курстарын өткізу туралы талаптар;
- ломбардтарда алынатын қарыздарды қоспағанда, қарыз алуда банкротқа белгіленген шектеулер;
- борышкер банкроттықтан және кредиторларды хабардар еткеннен кейін 3 жыл ішінде тіркеуге жататын мүлікті сатып алған жағдайда қаржы мониторингін жүргізу туралы уәкілетті органға қойылатын талаптар;
- 1600 АЕК-тен аз берешегі болған кезде мүлкі бар борышкерлердің банкроттықтың соттық рәсімін немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану құқығы.

Бұдан басқа, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар борышкерлер санаты соңғы 6 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын тұлғалар санатына өзгертілді.

Күтілетін нәтиже:

- азаматтардың борыштық жүктемесін төмендету;
- әлеуметтік шиеленісті жеңілдету;
- қарыздар бойынша төлемдерді ынталандыру.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

11. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Мәкежанов.

Заң жобасы жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мен банкроттығы жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жазаның бұлтартпаушылық қағидатын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында көзделген рәсімдерге қатысушылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу.

Заң жобасымен кәсіпкерлік қызмет, сондай-ақ оңалту, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға жатқыза отырып, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексін мынадай нормамен толықтыру ұсынылады:

- дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы кезіндегі заңсыз әрекеттер;

- қаржы басқарушыларының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамасын бұзуы;

- азаматтың қасақана банкроттығы.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже – оң құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға алып келеді, бұл азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру саласындағы заңнама нормаларын біркелкі қолданудан көрінеді.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Мәкежанов.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» негізгі заң жобасына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеттері.

Заң жобасымен мынадай нормалармен толықтыру:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім):

- Қазақстан Республикасының азаматына қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот арқылы банкроттығы рәсімдерін қолдану.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім):

- ломбардтар беретін қарызды қоспағанда, азамат үшін қарыз алуды шектеу;

- іс қозғалған немесе негізгі заң жобасында көзделген рәсім қолданылған қаржы басқарушысы мен азаматтың ағымдағы шоттарындағы ақшаға билік етуді шектеу;

- іс қозғалған немесе негізгі заң жобасында көзделген рәсім қолданылған қаржы басқарушысы мен азаматтың ағымдағы шоттарындағы ақшаға өндіріп алуға жол бермеу.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі:

- қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салу туралы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі:

- азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы туралы істі ерекше жүргізу тәртібімен істерді қарау туралы;

- азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы шешімді дереу орындау туралы.

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі:

- сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарған кезде салықтар және бюджетке төленетін төлемдердің басқа түрлері бойынша берешек сомасына өсімпұлды есептке жазбау туралы;

- рәсімдерді қолданудан бас тарту туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін өсімпұлды есептеуді қайта бастау туралы.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- банкроттықтың соттан тыс және сот арқылы рәсімі аяқталғаннан кейін азаматқа банктік қарыз беруді шектеу, сондай-ақ мұндай адамдардан 5 жыл ішінде кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз етуді қабылдау;

- негізгі заң жобасында көзделген рәсімдер қолданылған шоттардағы қарыз алушының ақшасына даусыз тәртіппен өндіріп алуға тыйым салу туралы;

- қарыз алушының шоттары және олардағы қалдықтар бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша анықтаманы, сондай-ақ қаржы басқарушысы мен уәкілетті органға банк құпиясына жататын өзге де мәліметтерді ұсыну туралы;

- мүлікке билік етуде уақытша шектеу белгілеуге, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға, өзіне қатысты іс қозғалған немесе негізгі заң жобасында көзделген рәсім қолданылған қаржы басқарушысы мен азаматтың шоттарындағы ақшаға тыйым салуға жол бермеу.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- қаржы басқарушысы мен уәкілетті органға бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді ұсыну туралы.

«Қазақстан Республикасында кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- алушының уәкілетті органның кредиттік тарихын белгілеуі туралы.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- қаржы басқарушыларының құқықтық кадастрдан мәліметтерді ұсынуы туралы.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- сот төлем қабілетсіздігін қалпына келтіру немесе сот ісін жүргізу рәсімін қолдану туралы іс қозғаған, сондай-ақ соттан тыс банкроттық рәсімін бастаған жағдайда атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру туралы;

- қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуға жол бермеу;

- іс қозғалған немесе негізгі заң жобасында көзделген рәсім қолданылған қаржы басқарушысы мен азаматтың ағымдағы шоттарындағы ақшаға тыйым салуға жол бермеу.

«Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- банкроттықтың соттан тыс және сот рәсімі аяқталғаннан кейін азаматқа микрокредит беруге тыйым салу, сондай-ақ осындай тұлғалардан 5 жыл ішінде кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз етуді қабылдау туралы;

- қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, микроқаржы ұйымы қаржы басқарушысы мен уәкілетті органға жүргізетін өзге де мәліметтер мен операциялар туралы мәліметтер беру туралы.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- дара кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметінен туындамайтын кредиторлардың талаптарын есепке алу туралы;

- банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін дара кәсіпкерді борыштық міндеттемелерден босату туралы мәселені қарау тәртібі туралы.

«Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

- борышкер, кредитор, берешек, үшінші тұлғалар туралы мәліметтерді және қаржы басқарушысы мен уәкілетті органға коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттік алған және (немесе) жасаған өзге де мәліметтерді беру туралы.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже – оң құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға алып келеді, бұл азаматтардың төлем қабілеттілігін

қалпына келтіру саласындағы заңнама нормаларын біркелкі қолдануда көрінеді.

Заң жобасын екінші оқылымға дайындау кезінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінен ұсыныс келіп түсті, оны талқылау барысында бастамашы алып тастады.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Нұрсипатов.

Заң жобасының негізгі мақсаты – 2021 жылғы 25 қазанда Ашғабад қаласында қол қойылған Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекара сызықтарының өтуін айқындау және балық аулау аймақтарын бөлу туралы шартты ратификациялау.

Осы Шартпен Тараптар Каспий теңізінде олардың аумақтық суларын шектейтін екі ел арасындағы мемлекеттік шекара сызығының және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу сызығының өтуін айқындады. Бөлу сызықтары орта сызық қағидаты – қазіргі халықаралық теңіз құқығында қарама-қарсы немесе шектес жағалаулары бар мемлекеттер арасындағы теңіз кеңістігін бөлу үшін қолданылатын жалпыға бірдей танылған әдіс бойынша салынған.

Шартты ратификациялау жер қойнауын пайдалануға және су биологиялық ресурстарын аулауға егеменді құқықтарды іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Каспий теңізінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңыздылығын мойындай отырып, Тараптар арасындағы тату көршілік қатынастарды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Шартты ратификациялаудан күтілетін нәтиже екі елдің мемлекеттік шекарасында өзара құрмет, сенім, тең құқық, достық және ынтымақтастық рухында шекаралық мәселелерді реттеу бойынша тұрақтылықты одан әрі қамтамасыз ету болады.

Заң 2022 жылы 20 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктер және консулдық мекемелер қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің ақылы еңбек қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ғ.Сарыбаев.

Келісімнің мақсаты дипломатиялық миссиялар қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің екі мемлекеттің аумақтарында ақылы еңбек қызметін жүзеге асыруына байланысты мәселелерді өзара негізде реттеу болып табылады.

Келісімде отбасы мүшесіне ақылы еңбек қызметімен айналысуға рұқсат алуға сұрау салуды ресімдеу тәртібі, сондай-ақ оның іс-әрекетін тоқтату шарттары айқындалған, дипломатиялық миссиялар қызметкерлерінің

отбасы мүшелерінен қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауаптылықтан иммунитетті кері қайтарып алу мәселелері регламенттелген.

Келісімнің 7-бабына сәйкес қабылдаушы мемлекеттің аумағында ақылы еңбек қызметін жүзеге асыратын отбасы мүшесіне қабылдаушы мемлекеттің заңнамасы қолданылады. Бұл ретте қабылдаушы мемлекетте отбасы мүшесінің ақылы еңбек қызметінен түсетін табысқа 1999 жылғы 21 қазандағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы екіжақты конвенцияға сәйкес салық салынады.

Заң 2022 жылы 17 қарашада Сенат отырысында қабылданды.

3. «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т.Мұсабаев.

Заң жобасының мақсаты геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ осы саладағы мемлекеттік саясатты үйлестіруді күшейту болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті бірыңғай ашық мемлекеттік есептеу жүйесін құру және оған көшу, сондай-ақ кеңістіктік деректерді дамыту негізінде геодезиялық және картографиялық қызметті реттеудің жаңа тәсілдерін енгізу болып табылады.

Заң жобасы кеңістіктік деректермен алмасуды автоматтандыру, шашыраңқы кадастрларды бір ақпараттық кеңістікке интеграциялау үшін бірыңғай платформа ретінде Кеңістіктік деректердің ұлттық инфрақұрылымын (бұдан әрі – КДҰИ) құруды және дамытуды көздейді. КДҰИ-ды енгізу кеңістіктік деректерді цифрлық форматта пайдаланудың қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды жаңарту кезеңділігін заңнамалық реттеу арқылы кеңістіктік деректерді біріздендіруге, дамытуға және өзекті күйде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жалпы, заң жобасының ережелері геодезиялық және картографиялық саланы дамытуға, осы саладағы мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған. Мәселен, заң жобасында ұғымдық аппарат едәуір кеңейтілді, геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру қағидаттары анықталды, орындалатын жұмыстардың мақсатына байланысты осы қызмет түрлерінің бағыттары толықтырылды. Бұдан басқа, уәкілетті органның функциялары, геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің, оның ішінде осы саладағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның құқықтары мен міндеттері нақтыланды.

Заң жобасы геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін, сондай-ақ геодезиялық, картографиялық және аэротүсірілім жұмыстарын жүргізудің хабарлама жасау тәртібін бекітеді.

Сондай-ақ, заң жобасында жергілікті атқарушы органдарға елді мекендердің картографиялық өнімін жасау және жаңарту, оның сақталуын

қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік геодезиялық желілер пункттерінің қорғалуын бақылау бойынша құзыреттер беру көзделеді.

Заң жобасын қабылдаған кезде мынадай нәтижелер:

- елді мемлекеттік геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету жүйесінің деңгейін арттыру;
- Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін белгілеу;
- Кеңістіктік деректердің ұлттық инфрақұрылымын құру, оның ішінде мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерді жаңғырту;
- ашық пайдаланудағы бірыңғай кеңістіктік деректермен қамтамасыз ету, олармен алмасуды автоматтандыру, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіру;
- Қазақстан Республикасының аумағын, оның ішінде қалалар мен аудан орталықтарын жергілікті жердің қазіргі жағдайына сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық ақпаратпен қамтуды ұлғайту;
- кеңістіктік деректер мен ақпараттық жүйелерді өндіру және өзектендіру шығындарын оңтайландыру;
- құрылатын картографиялық өнімнің сапасын, сондай-ақ жер қатынастары, сәулет, құрылыс, табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, геология, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ауыл шаруашылығы және т. б. салаларда халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру күтіледі.

Заң 2022 жылы 1 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне геодезия, картография және кеңістіктік деректер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т.Мұсабаев.

Заң жобасының мақсаты қолданыстағы заңнамалық актілердің кейбір ережелерін «Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының нормаларына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасының міндеті геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласын құқықтық реттеуді жетілдіру, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды жою болып табылады.

Заң жобасымен 16 заңнамалық актіге, оның ішінде: Жер, Орман, Су, Бюджет, Экологиялық кодекстерге, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексе және бірқатар заңдарға түзетулер енгізіледі.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже Қазақстан Республикасының геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы ұлттық заңнамасын мемлекеттің мүдделерін, оның қорғанысы мен ұлттық

қауіпсіздігін ескере отырып, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келтіру болып табылады.

Заң 2022 жылы 1 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ.Қожамжаров.

Заң жобасы жалпыға бірдей қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында экспорт, импорт, транзит, кері экспорт, эксаумақтық кері экспорт және эксаумақтық делдалдық қызметтер мен техникалық көмек көрсету мәселелері реттеледі. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуіне физикалық бақылауды жаңғырту; лицензия беру кезінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің уәкілетті органы мен мемлекеттік органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылға көшу, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының құзыреттерін, оның ішінде экспортты жүзеге асыру кезінде ақпаратты жинау жөніндегі құзыреттерін күшейту; Қазақстан Республикасының заңнамасына қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлардың экспорты кезінде тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарын, сондай-ақ осы саладағы өзге де ерекшеліктерді енгізу жобаның жаңалығы болып табылады.

Заң жобасы өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың тиімді тетігін жасауға, онымен байланысты тәуекелдерді жоюға, сондай-ақ отандық экономиканың халықаралық байланыстар жүйесіне кірігуіне жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заң жобасын талқылау барысында Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады. Атап айтқанда:

- мемлекеттік кірістер органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру жөніндегі құзыреті айқындалады;

- шет мемлекеттің мемлекеттік органдарына немесе ұйымдарына тиесілі әскери мақсаттағы тауарларды әкету мерзімі енгізіледі;

- Үкіметтің өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың айналымын шектеуге бағытталған шаралар қабылдау құқығы нақтыланады;

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлері жауынгерлік және жедел-қызметтік міндеттерін орындау кезінде жауынгерлік қарудың бірлі-жарым даналарын әкеткен және әкелген жағдайда өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асыру бөлігінде алып қоюлар көзделеді.

Заң жобасы 2022 жылы 8 желтоқсанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ.Қожамжаров.

Заң жобасы «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Заң жобасының ережелерін іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының новеллалары жаппай жою қаруын, қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу құралдарын жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін, оларға қатысты өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау белгіленген материалдар мен жабдықтардың контрабандасы үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеу; Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлігінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласына қолданбау; өз құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуін бақылауға жауапты бақылаушы органдардың бөлімшелерін мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде орналастыру болып табылады.

Заң жобасы жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу барысында «112» Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметін құруға байланысты мәселелер бөлігінде түзетулер енгізу қажеттігі туындады. Сенаттың тұрақты комитеттерінен келіп түскен өзге де ескертулерді заң жобасын талқылау барысында олардың бастамашылары алып тастады.

Заң жобасы 2022 жылы 8 желтоқсанда өзгеріс пен толықтыру енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

7. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Нұржігітова.

Заң жобасының мақсаты төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы ынтымақтастық болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті Тараптардың бірінің күшімен және қаражатымен жойылмайтын төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі Тараптардың өзара іс-қимылы болып табылады.

Заң жобасы қауіпті техногендік және экологиялық процестердің, табиғи құбылыстардың мониторингін ұйымдастыру және жүргізу түріндегі ынтымақтастық нысандарын; төтенше жағдайлардың мониторингі және болжамдау туралы, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша тұрақты ақпарат алмасуды; төтенше жағдайларды жою кезінде тиісті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруды және Тараптардың уәкілетті органдарымен келісілетін төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы басқа да қызметті көздейді. Келісімде көмек көрсету мәселелерін және олардың түрлерін, көмек көрсету жөніндегі топтардың мемлекеттік шекарадан өту шарттарын және олардың сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағында болу режимін және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін басқа да мәселелерді реттейтін нормалар көзделеді.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін тиімді практикалық шараларды әзірлеу мен қабылдауда мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту болады.

Заң 2022 жылы 15 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Нұржігітова.

Заң жобасының мақсаты Тараптардың төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін тиімді, практикалық шараларды әзірлеу мен қабылдаудағы ынтымақтастығы болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті Тараптардың азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, апат немесе өзге де зілзала жағдайында ерікті және өзара көмек көрсету бойынша төтенше жағдайлар саласындағы мамандарды оқыту саласындағы өзара іс-қимылын айқындау болып табылады.

Заң жобасы қауіпті техногендік және экологиялық процестерді, сондай-ақ табиғи құбылыстарды мониторингтеу, төтенше жағдайларды болжау және олардың салдарын бағалау түріндегі ынтымақтастық нысандарын көздейді. Келісімде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы бірлескен конференцияларды, семинарларды, жұмыс кеңестерін, оқу-жаттығулар мен жаттығуларды ұйымдастыру және екінші Тарап мемлекетінің оқу орындарында мамандар даярлау, тағылымдамадан өтушілермен, оқытушылармен, ғалымдармен, мамандармен алмасу жөніндегі ынтымақтастық және басқалар жазылады.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастықты дамыту арқылы екі мемлекеттің де әл-ауқаты мен қауіпсіздігін арттыруға жәрдемдесу болады.

Заң 2022 жылы 15 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның кадр құрамын қалыптастыру тетігін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л.Рысбекова.

Заң жобасының мақсаты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кадр құрамын қалыптастыру тетігін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 5 тамызда Мәскеуде қол қойылған хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Заң жобасына сәйкес Комиссия департаменттерінің директорларымен және олардың орынбасарларымен еңбек шарттары (келісімшарттар) Комиссия Алқасының жұмыс мерзімінен аспайтын мерзімге жасалатын болады.

Сондай-ақ аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, тиісті құрылымдық бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін Комиссия Алқасы мүшесінің ұсынуымен Комиссия Алқасының Төрағасы Комиссия қызметкерлері үшін еңбек шарттарының (келісімшарттардың) 5 жылдық мерзімін дәл сондай мерзімге ұзарту мүмкіндігімен белгілейді.

Комиссия департаменттерін қызметкерлермен конкурстық негізде жасақтау кезінде, егер мұндай іріктеу қажеттілігі мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, мүше мемлекетте өткізілген біліктілік іріктеу нәтижелерін есепке алу көзделетін болады.

Хаттама шеңберінде осы Хаттама күшіне енгенге дейін еңбек шарттары жасалған Комиссия департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары өздерінің еңбек шарттарында (келісімшарттарында) көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды жалғастырады.

Хаттамаға сәйкес Комиссия қызметкерлерінің мерзімді еңбек шарты (келісімшарты) талаптарымен жұмысқа ауысуына байланысты іс-шаралар осы Хаттама күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде жүзеге асырылатын болады.

Заң 2022 жылы 29 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Қаниев.

Заң жобасы 2018 жылғы 17 мамырда қол қойылған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші

тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау мақсатында қабылданады.

Хаттаманың мақсаты уақытша Келісімнің қолданылу мерзімін 2025 жылғы 27 қазанға дейін ұзарту және тараптар арасындағы преференциялық сауда режимінің алшақтығына жол бермеу болып табылады.

Уақытша келісім:

- бірқатар тауарлар бойынша тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайту немесе жою арқылы тараптар арасындағы тауарлар саудасын ырықтандыруға және оңайлатуға;

- еркін сауда аймағын қалыптастыру үшін негіз құруға бағытталған, оның шеңберінде халықаралық қағидаларға, стандарттарға және практикаларға сәйкес Тараптар арасындағы саудаға қатысты баждар мен сауданы реттеудегі өзге де шектеу шаралары жойылатын болады;

- Тараптар арасындағы экономикалық және сауда-саттықтағы өзара іс-қимылды қолдауға;

- неғұрлым тығыз ынтымақтастықты дамытуға және Тараптар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдетуге бағытталған.

Уақытша келісімнің қолданылу мерзімін ұзарту сауданың бажсыз режимін және отандық тауарлардың Иран нарығына шығуы үшін қолайлы жағдайларды сақтауға мүмкіндік береді.

Заң 2022 жылы 6 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты 2021 жылғы 16 ақпанда Мәскеуде жасалған Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісімде мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында мүше мемлекеттерде Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) (бұдан әрі – мемлекеттік бақылау (қадағалау)жүзеге асырудың қағидаттары мен тәсілдері айқындалады.

Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын талдау және болжау: техникалық реттеу объектілерінің Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде

өтініш беруші болып табылатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер туралы мәліметтерді; мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі іс-шараларды жүргізу нәтижелері бойынша алынған ақпаратты; Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін техникалық реттеу объектілері туралы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес анықталған адам өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен саулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру жағдайлары туралы ақпаратты зерделеуді және жинақтауды көздейді.

Келісімде мүше мемлекеттердің аумақтарында Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтау, оның ішінде тиісті органға құжаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату қажеттігі туралы нұсқама беру туралы шешім қабылдау; сондай-ақ мүше мемлекеттердің аумақтарында Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді айналымға шығаруды және олардың айналымын болғызбау мақсатында мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының өзара іс-қимылы регламенттеледі.

Келісімде қауіпті өнім туралы ақпараттандыру жүйесінің жұмыс істеуі көзделген, оның шеңберінде ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы мәліметтермен алмасу жүзеге асырылатын болады. Келісімде Еуразиялық экономикалық комиссияның қауіпті өнім туралы ақпараттандыру жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын және мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының, сондай-ақ Комиссия Кеңесінің мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аккредиттеуді жүргізуге уәкілетті органдармен немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекітуі көзделген.

Заң 2022 жылы 27 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Лұқпанов.

Заң жобасы:

- автомобиль жолдарында көліктік бақылауды автоматтандыру;
- теңіз көлігі саласындағы халықаралық шарттардың нормаларын кіріктіру;
- теміржол көлігіндегі оқиғаларды және кемелермен болатын авариялық жағдайларды тергеп-тексеру тәртібін жетілдіру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы стандарттарының талаптарына және Еуропа одағының авиациялық талаптарына сәйкес келтіру;
- әуеайлақ маңындағы аумақта қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар алу тетігін реттеу;

- күрделі жобалар бойынша жер қойнауын пайдалану саласына инвестициялар тарту мақсаттарында әзірленді.

Заң жобасында мынадай өзгерістер мен толықтырулар көзделеді:

- көлік құралдарының салмақтық, габариттік және басқа да параметрлерін өлшеудің автоматтандырылған станцияларын ендіру және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидаларын айқындау;
- жолаушылар тасымалын қолдауға бағытталған Ұлттық жүк тасымалдаушының шығыстарын – уақытша теңгерімдеу төлемдерін енгізу;
- негізгі қағидаты азаматтық авиация саласында қасақана бұзушылықтарға немесе салғырттық танытуға қатысты төзбеушілік болып табылатын «әділ мәдениет» ұғымын енгізу;
- әуеайлақ маңындағы аумақта қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар алу тетігін жетілдіру;
- Ұлттық операторға мемлекеттік шекарада өткізу пункттерін салуды ұйымдастыру бойынша өкілеттіктер беру;
- жол бойында қызмет көрсетеу объектілерін Ұлттық операторға сенімгерлік басқаруға беру және басқалар.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттары заң жобасының 2-бабына мына нормаларды қолданысқа енгізу мерзімдерін ауыстыру бөлігінде:

- жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды беру бойынша;
- әуежайдың инфрақұрылым объектілерін, жабдықтары мен техникалық құралдарын пайдаланғаны үшін инфрақұрылымдық алымдарды енгізу бойынша;
- Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасында көзделген уақытша теңгерімдеу төлемақысы бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізді.

Заң жобасы 2022 жылы 24 қарашада өзгерістер мен толықтыру енгізіліп ҚР Парламенті Мәжілісіне қайтарылды. 2022 жылғы 30 қарашада ҚР Парламенті Мәжілісі Сенат ұсынған түзетулермен келісті.

5. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Сұлтанов.

Заң жобасының мақсаты 2018 жылғы 24 наурызда Абу-Даби қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктеріне елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін, атап айтқанда, бір Тарап инвестициялары үшін екінші Тараптың аумағында қолайлы жағдайлар жасауға, сондай-ақ өзара іс-қимыл негізінде екі мемлекеттің аумақтарында инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелерді реттеуге мүмкіндік береді.

Келісім шеңберінде ұлттық заңнамаға сәйкес Уағдаласушы Тараптардың өз аумағында екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын көтермелеуі және қолайлы жағдайлар жасауы, сондай-ақ оларды толық қорғауы мен қауіпсіздігі көзделген.

Келісімде инвестицияларға қатысты төлемдерді еркін аудару регламенттеледі, оған мыналар кіреді: бастапқы капитал және инвестицияларды қолдау, басқару және ұлғайту үшін кез келген қосымша сомалар; кірістер; қарыз туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылған келісімшарт бойынша төлемдер; акцияларды қоса алғанда, инвестицияларды толық немесе ішінара жоюдан немесе сатудан алынған кірістер; шетелде жалданған және инвестицияларға байланысты жұмыс істейтін персоналдың жалақысы және басқа да сыйақылары; өтемақы бойынша төлемдер.

Сонымен қатар, заң жобасына сәйкес бір Уағдаласушы Тараптың инвесторлары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында жүзеге асыратын инвестициялар қоғамдық мақсаттарда; кемсітпеушілік тәсілмен; тиісті заңды рәсімге сәйкес; барабар, жылдам және тиімді өтемақы төлеу арқылы қабылданатын шараларды қоспағанда, мемлекет меншігіне алынбайды, экспроприацияланбайды, реквизицияланбайды немесе нәтижесі мемлекет меншігіне алумен, экспроприациялаумен, реквизициялаумен тең болатын тура немесе жанама шараларға ұшыратылмайды.

Сондай-ақ Келісімде өз міндеттемелеріне және ДСҰ-ға мүшелік шарттарына нұқсан келтірмей, бірде бір Уағдаласушы Тарап өз аумағында кемсітушілік салдары бар өз өнімдерін өндіру, сатып алу, пайдалану, тасымалдау, өткізу материалдарын, құралдарын сатып алуға немесе осыған ұқсас сатып алуға қатысты екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына міндетті шаралар қолданбауға тиіс деген талап белгіленеді.

Келісім он жылға жасалады, бастапқы немесе кез келген кейінгі онжылдық кезең өткенге дейін бір жыл бұрын Тараптардың кез келгені Келісімді тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлағанша күшінде қалады және автоматты түрде онжылдық кезеңдерге тағы ұзартылуы мүмкін.

Заң 2022 жылы 15 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Агломерацияларды дамыту туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә.Құртаев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасында агломерацияларды қалыптастыру, дамыту және олардың жұмыс істеуі үшін құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар, тетіктер жасауға бағытталған.

Заң жобасында агломерацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуді, сондай-ақ агломерациялардың тізбесі мен құрамын; агломерациялар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын; Агломерацияны дамытудың кешенді жоспарын бекітуді қамтитын Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті регламенттеледі.

Заң жобасында орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және жергілікті агломерация кеңестерінің қызметін үйлестіруді, агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің мазмұнына қойылатын талаптарды айқындауды қоса алғанда, агломерацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі уәкілетті органның құзыреті және басқалар белгіленеді.

Сонымен қатар, заң жобасында астананың, республикалық маңызы бар қалалардың, облыстардың, агломерацияға кіретін елді мекендердің жергілікті өкілді органдарының агломерациялар аумағындағы: астана немесе республикалық маңызы бар қала мен облыс арасындағы; облыстық маңызы бар қала мен елді мекендері агломерацияға кіретін аудандар арасындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімдер жобаларын келісу бойынша өкілеттіктері мен өзге де өкілеттіктер бекітіледі.

Заң жобасында елді мекендері агломерацияға кіретін астананың, республикалық маңызы бар қаланың және облыстың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ облыстық маңызы бар қаланың (агломерация орталығының) және елді мекендері агломерацияға кіретін аудандардың жергілікті атқарушы органдарының өкілеттіктері регламенттеледі.

Заң жобасы шеңберінде республикалық деңгейде Агломерациялар жөніндегі кеңес, жергілікті деңгейде – агломерацияларды дамыту мәселелерін ведомствоаралық үйлестіру, сондай-ақ тиісті деңгейдегі агломерацияларды дамытуды ұйымдастырушылық, ақпараттық және талдамалық қолдау мәселелерін шешу мақсатында құрылатын консультативтік-кеңесші органдар болып табылатын жергілікті агломерация кеңестері енгізіледі.

Заң жобасының ерекшелігі агломерацияға кіретін елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жай-күйін бағалауды; қалалық және кеңістіктік жоспарлау, коммуналдық, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелерін; агломерацияны дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ көші-қон процестерін реттеу мәселелерін қамтитын Агломерацияны дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу болып табылады.

Заң 2022 жылы 22 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә.Құртаев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің нормаларын «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 2 кодексіне және 4 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қаржыландыратын әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу үшін агломерацияға кіретін елді мекендердің аумағында жер учаскелерін резервке қою бөлігінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыреті регламенттеледі.

Заң жобасымен қала маңы аймағы шегінде жүзеге асырылатын қала құрылысы қызметі саласындағы астана, республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің мемлекеттік қала құрылысы саясатын әзірлеуге қатысу; елді мекеннің бас жоспарының жобасын әзірлеуге қатысу; елді мекен халқының жобалық санын айқындау, халықты еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, халықты ауыз су көздерімен және электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша құзыреті толықтырылады.

Заң 2022 жылы 22 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Жүсіп.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленген.

Заң жобасымен «Кинематография туралы» және «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына мынадай тұжырымдамалық түзетулер мен жаңашылдықты көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

- кинематография саласын мемлекеттік қаржылық қолдау;
- кинематография саласының материалдық-техникалық базасын сақтау мен дамытуды жүйелендіру және заңнамалық регламенттеу;
- балалар анимациялық фильмдері мен отбасымен көруге арналған фильмдерді қазақ тілінде дубляждауды мемлекеттік қолдау;
- кинематография саласында мемлекеттік қаржылық қолдауды алу үшін кинематографиялық қызмет субъектілерінің шеңберін кеңейту;
- Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жанынан Ұлттық кинокомиссия құру механизмін және оның қызмет етуін заңнамалық реттеу;
- халықаралық ареналарда ұлттық фильмдерді ілгерілетуді мемлекеттік қолдау;
- ұлттық фильмдерді шығаруға бөлінетін қаржыны: тарихи, патриоттық және имидждік фильмдерге – 70 пайыз; жеке киножобаларды, оның ішінде дебюттік фильмдерді қоса қаржыландыруға – 30 пайыз бөлудің жаңа тәсілдерін айқындау;
- «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын іске асыру кезінде бірыңғай құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету үшін жаңа түсініктер енгізу.

Сондай-ақ мәдениет саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретін толықтыру ұсынылады;

- мемлекеттік музейлерге мәдени құндылықтарды қорғауды қамтамасыз ету функциясын бекіту.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке және 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке болып белгіленетін өзгерістер енгізу ұсынылады. Сондай-ақ 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күнін мемлекеттік мерекелер тізімінен алып тастау ұсынылады.

Заң жобасын қабылдау Ұлттық кинокомиссия құру арқылы отандық кинематографияны дамытуды, шетелдік инвесторларды тартуды,

халықаралық кинобизнес алаңдары мен басқа іс-шараларда Қазақстан Республикасының киноиндустриясын танытуды ынталандыруға ықпал ететін болады.

Заң 2022 жылы 22 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л.Қалтаева.

Заң жобасы 2022 жылғы 24 наурызда Мәскеуде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары қол қойған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялауды көздейді.

Хаттаманы қабылдаудың мақсаты Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) және Еуразиялық экономикалық одақ сотының (бұдан әрі – ЕАЭО соты) лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау құқығын беру болып табылады.

Хаттамада Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар және иммунитеттер туралы ережеге (ЕАЭО туралы шартқа 32-қосымша):

- еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға қажетті мемлекеттік қызмет өтілін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізу көзделген. Қазіргі уақытта Ресей заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға мемлекеттік қызмет өтілінің талап етілетін ұзақтығы жыл сайын алты айға артып отырады;

- ЕАЭО органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін – Ресей Федерациясының азаматтарын мемлекеттік қызметтің қай түрінен ЕАЭО органдарына келгеніне байланысты кемсітуді болдырмау бөлігінде өзгерістер енгізу көзделген. Қазіргі уақытта мамандандырылған органдардың арнаулы атақтары бар бұрынғы қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығын айқындау кезінде ЕАЭО Комиссиясы мен Сотында жұмыс істеген кезеңдері есептелмейді.

Хаттаманың күшіне енуі аталған тұлғаларға Ресей Федерациясында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар азаматтардың басқа санаттарымен қатар, ЕАЭО Комиссиясы мен Сотында еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде алған зейнетақы құқықтарын іске асыруды және қорғауды қамтамасыз етеді.

Заң 2022 жылы 20 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Жүсіп.

Заң жобасында мемлекеттік жастар саясаты және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету саласына бірқатар новеллалар енгізу көзделеді, онда жастарды қолдау мен дамыту тетіктерін іске асыруға, жастардың дамуының ұлттық және өңірлік деңгейін бағалауға, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру үшін тиісті ұсынымдар әзірлеуге бағытталған нормалар ұсынылады.

Бұдан басқа, әлеуметтік қамсыздандыру саласында енгізілетін түзетулер зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін, атаулы әлеуметтік төлемдерді, бала күтімі бойынша төлемдерді жетілдіруді көздейді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне түзетулер жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы құзыретіне жастар ресурстық орталықтарымен бірлесіп жүзеге асырылатын ұрпақты болу денсаулығы, отбасын жоспарлау және құмар ойындардың (лудомания) қауіптілігі мәселелері бойынша жастармен ақпараттық-түсіндіру, консультациялық жұмыс жөніндегі функцияларды енгізуді көздейді.

Бұл жаңашылдықтар мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы заманауи сын-қатерлерді еңсеруге және Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі бірқатар тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Заң 2022 жылы 8 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және биоотын айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Мусин.

Заң жобасының негізгі мақсаты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қазіргі заманғы нормативтік құқықтық базаны құру болып табылады.

Заң жобасының міндеттеріне: агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту және цифрландыру бағдарламасын іске асыру; асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы тиімділікті және бәсекеге қабілеттілікті арттыру; Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс бойынша терминдерді біріздендіру және биоэтанолды пайдалану саласын кеңейту жатады.

Заң жобасында асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі заңнамада пайдаланылатын жаңа ұғымдарға анықтама берілді: ауыл шаруашылығы жануарының карточкасы, геномдық бағалау, таңбалау; асыл тұқымды мал шаруашылығы мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті, республикалық палатаның, асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың қызметі нақтыланды және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мәселелері реттелді.

Заң жобасына редакциялық-нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілген.

Заң 2022 жылы 22 қыркүйекте Сенат отырысында қабылданды.

2. «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә.Нұралиев.

Заң жобасының негізгі мақсаты экономикалық көрсеткіштер мен экологиялық тұрақтылыққа, сондай-ақ жасыл өсуді ілгерілетумен айналысатын халықаралық ұйымдармен және халықаралық институттармен ынтымақтастыққа бағытталған экономикалық өсудің жаңа моделін – «жасыл өсуді» әзірлеу және қолдану үшін жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының қосылуы болып табылады.

Келісім құқықтық субъектілікке және құқықтық ерекшеліктерге ие халықаралық ұйым ретінде Жаһандық жасыл өсу институтын (бұдан әрі – Институт) құру кезінде туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Институт 2010 жылы құрылған, штаб-пәтері Сеулде және өңірлік офистері Копенгагенде, Абу-Дабиде және Лондонда орналасқан.

Институттың негізгі қызметі ресурстық жағынан тиімді инвестицияларды, инновацияларды тарту, өндіріс пен тұтынуды дамыту

үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жасыл экономиканы дамыту жөніндегі ұлттық жоспарларды әзірлеу және іске асыру, зерттеулер жүргізу жолымен дамушы елдердің тұрақты дамуына және жасыл өсуіне ықпал ету болып табылады.

Осы Келісімді ратификациялау қандай да бір міндеттемелерді қабылдамай, техникалық көмекті тарту мүмкіндігімен сараптамалық әлеуетке және Институттың жинақталған білім базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2022 жылы 6 қазанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Өсімдіктер дүниесі туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Дүйсембинов.

«Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының 16-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаттары өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуді қамтамасыз ету, табиғи өсімдік ресурстарын және жабайы өсімдік түрлерінің гендік қорын сақтау және өсімін молайту, сондай-ақ оларды ұтымды пайдалану үшін құқықтық негіздер жасау болып табылады.

Заң жобасының міндеттері: өсімдіктердің биоәралуандығын сақтау үшін экономикалық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайлар жасау, оларды ұтымды пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; өсімдіктер дүниесінің ресурстарын орнықты сақтауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық тетіктерді ендіру; жеке және заңды тұлғалардың – өсімдіктер дүниесінің ресурстарын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеу, сондай-ақ өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту; биоәралуандықты сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау («Биологиялық әралуандық туралы» конвенция және оған хаттамалар) және басқалар.

Көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін заң жобасында: өсімдіктер дүниесін, оның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, реликті және эндемикалық түрлерін сақтау және қорғау; өсімдіктерді интродукциялау, бейімдеу және будандастыру; өсімдіктер дүниесіне түгендеу жүргізу, мемлекеттік мониторинг және мемлекеттік кадастр жүргізу жөніндегі нормалар көзделген, сондай-ақ өсімдіктер дүниесін жалпы және арнайы пайдалану көзделеді. Бұл ретте, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану үшін ресурстық зерттеулер негізінде айқындалатын лимиттер белгіленеді.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер: өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғауды жақсарту, биологиялық әралуандығын сақтау және олардың орнықтылығын арттыру, өсімдіктердің эндемикалық және сирек түрлерін қорғау; өсімдіктер дүниесі ресурстарын қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану саласындағы жалпымемлекеттік міндеттерді шешуге ықпал ететін экономикалық ынталандырулар жүйесін іске асыру; өсімдік ресурстық-шикізат базасының әлеуетін сақтау және пайдалану, өсімдік ресурстарын пайдалану (жинау, қайта өңдеу) саласындағы шағын бизнесті дамыту (жаңа өндірістер құру), жергілікті бюджеттердің кірістерін өсіру үшін инвестициялар (оның ішінде гранттар) тарту мүмкіндіктері; биологиялық әралуандықты ұзақ мерзімді сақтауға және өсімдіктердің бағалы түрлерінің өсімін молайтуды қамтамасыз етуге кепілдік беретін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алаңын ұлғайту және басқалар.

Заң 2022 жылы 22 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Дүйсембинов.

Заң жобасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасын «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Осыған байланысты заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет, Азаматтық, Жер, Орман, Кәсіпкерлік және экологиялық кодекстеріне, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына мына мәселелер бойынша:

өсімдіктердің жабайы түрлерін рұқсатсыз алып қоюға бақылау белгілеу;

орман инспекциясының лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау және орман өртін сөндіру бойынша мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамына басшылық жасау;

орманды молықтыру және орманды табиғи қалпына келтіруге жәрдемдесу шараларын жүргізу бойынша нақты мерзімдерді белгілеу;

өсімдіктер дүниесін пайдаланғаны үшін ақы алу;

табиғи объектілерге «Ғылыми табиғи объект – ұлттық игілік» мәртебесін беру;

өсімдіктер дүниесін қорғау, күзету және молықтыру саласындағы уәкілетті органдардың, жергілікті атқарушы органдардың құзыретін нақтылау және басқа да толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Заң 2022 жылы 22 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Мусин.

Заң жобасына Парламент депутаттары Мемлекет басшысының қазақы ит тұқымдарын сақтау мен өсімін молайтуға қатысты тапсырмасын іске асыру мақсатында бастамашылық етті.

Заң жобасының негізгі мақсаты қазақтың тазы және төбет ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін белгілеу болып табылады.

Заң жобасы шеңберінде «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Атап айтқанда, қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары белгіленеді, қазақы ит тұқымдарының сақталуын және өсімін молайтуды қамтамасыз ету жүйесіне жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар айқындалады, онда уәкілетті органның құзыретіне қазақы ит тұқымдарының есебін жүргізу мониторингін жүзеге асыру және қазақы ит тұқымдарының стандарттарын бекіту сияқты функциялар жатқызылады.

Бұдан басқа, заң жобасында уәкілетті орган айқындаған мамандандырылған ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығын құру, сондай-ақ қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті қаржыландыру көзделеді.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер: тазы мен төбет ұлттық ит тұқымдарының гендік қорын сақтауға бағытталған шараларды қабылдау үшін құқықтық негіздер жасау ұлттық ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Дүйсембинов.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген Құқық бұзушыларды әкімшілік және қылмыстық қудалауды күшейте отырып, Қазақстанның табиғи

байлығын қорғауды көздейтін құқықтық шараларды дайындау жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының міндеті – Қазақстанның ұлттық саябақтарын және басқа да табиғи байлығын экологиялық залалдардан: жерді бүлдіруден, ағаштарды заңсыз кесуден, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану режимін бұзудан, жер қойнауын өз бетінше пайдаланудан және қоршаған ортаға қоғамдық қауіп төндіретін өзге де іс-әрекеттерден қорғайтын құқықтық нормаларды белгілеу болып табылады.

Экологиялық залал үшін жауаптылықты күшейту мақсатында Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерде ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені, жойғаны немесе зақымдағаны, жер қойнауын өз бетінше пайдаланғаны және басқа да құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауаптылық деңгейі арттырылды.

Сондай-ақ вандализм көріністері, қоғамдық және жеке мүлікті бүлдіргені үшін жауаптылықты қатаңдату көзделеді.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

7. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С.Дүйсембинов.

Заң жобасы құқық бұзушыларды әкімшілік және қылмыстық қудалауды күшейте отырып, Қазақстанның табиғи байлығын қорғауды көздейтін құқықтық шараларды әзірлеу жөніндегі ҚР Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасында орман, су, жер заңнамасының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің талаптарын бұзғаны үшін лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ осы саладағы құқыққа қайшы әрекеттері үшін жаңа әкімшілік айыппұлдар енгізу көзделеді.

Жеке бапта вандализм, қоғамдық және жеке мүліктің бүлінуі үшін, бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдардың заңды тұлға ретіндегі экологиялық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнаманың нормалары «Өсімдіктер дүниесі туралы» заң жобасына сәйкес келтіріледі.

Заң 2022 жылы 29 желтоқсанда Сенат отырысында қабылданды.

IV. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

Комитеттің атауы	***Парлам. тыңдау***	***Үкімет сағаты***	***Көшпелі іс-шаралар***	***Дөңгелек үстелдер және басқа***	***Кездесу лер***	***Барлығы***
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	-	-	3	5	-	**8**
Қаржы және бюджет комитеті	-	-	3	2	3	**8**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	-	-	-	2	1	**3**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	-	1	3	-	5	**9**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	-	1	3	3	2	**9**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	-	1	2	-	2	**5**
Барлығы:	**-**	**3**	**14**	**12**	**13**	**42**

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 3

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 1

2022 жылғы 25 қараша - «Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту: проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 1

2022 жылғы 2 желтоқсан - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 1

2022 жылғы 24 қараша – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 2020 жылғы 23 қазандағы (ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері бойынша) және 2021 жылғы 3 желтоқсандағы (ауыл шаруашылығын дамытудың перспективалары мәселелері бойынша) парламенттік тыңдауларында әзірленген ұсынымдардың орындалуы бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярдың ақпаратын тыңдау.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ - 14

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 3

2022 жылғы 17-18 қазан - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы (Шымкент қаласы).

2022 жылғы 18-19 қараша – «Сот жүйесін одан әрі реформалау» тақырыбында көшпелі дөңгелек үстел (Алматы қ.).

2022 жылғы 22 қараша – «Сот жүйесін одан әрі реформалау» тақырыбында көшпелі дөңгелек үстел (Қостанай қ.).

Қаржы және бюджет комитеті - 3

2022 жылғы 27-30 қазан – Комитет мүшелерінің Арнайы экономикалық аймақтардың экономикалық тиімділігі мәселелері бойынша Атырау («Ұлттық Индустриялық Мұнай-химия Технопаркі» АЭА) және Маңғыстау («Ақтау теңіз порты» АЭА) облыстарына сапары.

2022 жылғы 29 қараша – Комитет мүшелерінің «Сарыарқа» АЭА экономикалық тиімділігі мәселелері бойынша Қарағанды облысына сапары.

2022 жылғы 30 қараша – Комитет мүшелерінің «Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауытына сапары (Астана қ.).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 3

2022 жылғы 23 қыркүйек - Астана қаласының кәсіпкерлер палатасы алаңында құрылыс индустриясын дамыту мәселелері, сондай-ақ құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер қатынастары саласындағы проблемалар бойынша Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарымен, ұйымдармен және қауымдастықтармен жұмыс кездесу.

2022 жылғы 25-26 қазан – Комитет мүшелерінің кәсіпкерлікті және өңдеу өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша Қызылорда облысына сапары.

2022 жылғы 13 желтоқсан - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Астана қаласындағы «Астана – жаңа қала» АЭА индустриялық паркінің аумағында арнайы экономикалық аймақтарды және индустриялық аймақтарды дамытудың өзекті мәселелері бойынша Комитеттің көшпелі отырысы.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 3

2022 жылғы 7 қазан - Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтауда ғылымның, білімнің және клиникалық практиканың біртұтастығы: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің Назарбаев Университетінің Медициналық орталығына баруы.

2022 жылғы 14 қазан - Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтауда ғылымның, білімнің және клиникалық практиканың біртұтастығы: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстелге дайындық аясында Комитет мүшелерінің «Астана медицина университеті» КеАҚ-на баруы.

2022 жылғы 27-29 қазан - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде білім, денсаулық сақтау, еңбек салаларын дамыту мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Түркістан облысына сапары.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 2

2022 жылғы 3-5 қараша - Ветеринариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша Комитеттің Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты базасындағы көшпелі отырысы (Алматы қ.).

2022 жылғы 12-14 желтоқсан - Комитет мүшелерінің өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық және ауылдық аумақтардың даму мәселелерімен танысу мақсатында Қостанай облысына (Жангелді, Амангелді аудандары мен Арқалық қаласы) сапары.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР - 12

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 5

2022 жылғы 23 қыркүйек - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Сот жүйесін жетілдіру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2022 жылғы 22 қараша - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 20 желтоқсандағы Заңның іске асырылуы мәселесі бойынша Комитет отырысы.

2022 жылғы 25 қараша - «Күзетпен ұстаудың баламалы шараларын, оның ішінде электрондық бақылау құралдарын (білезіктерді) дамыту» тақырыбында Комитет отырысы.

2022 жылғы 29 қараша - Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Бюджеттік саясат моделін реформалау» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2022 жылғы 13 желтоқсан - Көлікте (автомобиль және теміржол) жүруді құқықтық реттеу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша Комитет отырысы.

Қаржы және бюджет комитеті - 2

2022 жылғы 19 қазан – «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 - 2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы», «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақтан Республикасы Заң жобаларының таныстырылымы.

2022 жылғы 27 желтоқсан - Көлікте (автомобиль және теміржол) жүруді құқықтық реттеу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша Комитет отырысы.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті - 2

2022 жылғы 1 қараша – «Әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын іске асыру тұрғысынан әскерде қайтарымсыз шығындардың алдын алу және оларды жою туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2022 жылғы 9 желтоқсан – «Отандық қорғаныс өнеркәсібі: жай-күйі, проблемалары және ұсыныстар» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті - 3

2022 жылғы 2 қараша – Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтауда ғылымның, білімнің және клиникалық практиканың біртұтастығы: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2022 жылғы 22 қараша – «Балалардың хал-ахуалы және олардың құқықтарының қорғалуы» тақырыбында Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2022 жылғы 23 қараша – «Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің негізінде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамытудың мәселелері» тақырыбында Комитеттің кеңейтілген отырысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 13

Қаржы және бюджет комитеті - 3

2022 жылғы 16 қараша – Бюджет-салық саласының ашықтығын бағалауға шолу дайындау шеңберінде Халықаралық-валюта қорының (ХВҚ) өкілдерімен кездесу.

2022 жылғы 8 желтоқсан – Трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығымен кездесу.

2022 жылғы 20 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басшылығымен Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық мәселелері бойынша кездесу.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті - 1

2022 жылғы 18 қазан – Тиісті мемлекеттік органдардың басшылығымен «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асыру мәселелері бойынша кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 5

2022 жылғы 21 қыркүйек – Қазақстан Республикасының халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қорының президентімен кездесу.

2022 жылғы 4 қазан - Электрондық үкіметтің Ахуалдық орталығы алаңында мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен кездесу.

2022 жылғы 7 қазан – ҚР ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, ҚМ-нің өкілдерімен Қазақстан Республикасында құрылыс және халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша кездесуі.

2022 жылғы 13 қазан – Қазақстан Республикасы халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен кездесу.

2022 жылғы 20 желтоқсан – Қазақстандық қор биржасын (KASE) дамыту және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің акцияларды бастапқы жария орналастыруға (IPO) шығу мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және мүдделі ұйымдармен кездесу.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 2

2022 жылғы 11 қазан – Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамыту мәселелері бойынша облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары мәслихаттарының Әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының депутаттарымен кездесу (онлайн).

2022 жылғы 21 қазан – «Тәуелсіздік бастауы. Қоғамдық сананың жаңғыруы» тақырыбында «Ұлттық мүдде. Диалог алаңы» зиялылар мен сарапшылар тобымен кездесу.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 2

2022 жылғы 1 қараша – Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу.

2022 жылғы 20 желтоқсан – Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен балық шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша кездесу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СЕНАТОРЛАР КЕҢЕСІ

2022 жылғы 28 желтоқсан – Сенаторлар кеңесінің отырысы.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

2022 жылғы 19 қазан – Кеңес отырысы (онлайн).

«ӨҢІР» ДЕПУТАТТЫҚ ТОБЫ

2022 жылғы 8 қыркүйек – Депутаттық топтың отырысы.
2022 жылғы 26 қазан – Депутаттық топтың отырысы.
2022 жылғы 29 қараша – Депутаттық топтың отырысы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАС САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2022 жылғы 4 қазан – Клуб отырысы.

V. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

(2022 жылғы 1 қыркүйек – 31 желтоқсан)

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

І. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2022 жылғы 25 қарашада «**Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамыту: проблемалары және оларды шешу жолдары**» тақырыбында Үкіметтік сағат өткізіп, оның қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. ҚР Тұрғын үй заңнамасына «әлеуметтік пайдаланылатын тұрғын үй-жай» ұғымын, сондай-ақ көрсетілген тұрғын үй-жайға қойылатын талаптарды және оны беру тәртібін регламенттейтін нормаларды енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.

1.2. ҚР Тұрғын үй заңнамасына «мәжбүрлеп көшіру» ұғымына, сондай-ақ мәжбүрлеп көшіру тәртібін, жағдайлары мен шарттарын регламенттейтін нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.

1.3. ҚР Тұрғын үй заңнамасына азаматтарды тұрғын үйден шығаруға қатысты нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін, Тұрғын үй-жайдан шығару бөлігінде келесіні қарастыруды: тұрғын үйді бұзуға байланысты; тұрғын үй-жайды тұрғын емес үй-жайға ауыстырумен; авариялық жағдайда; тұрғын үйді күрделі жөндеу немесе реконструкциялау кезінде; әлеуметтік пайдалану; жатақханада; мемлекеттік тұрғын үй қорынан қызметтік үй-жайда; банкте кепілге қойылған; тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеуден және тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін ақы төлеуден жалтаратындар; және т. б.).

1.4. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (білім беруде, денсаулық сақтауда, әлеуметтік салада және т.б.) іске асыру кезінде үлгілік (өңірлердің табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып) және іске асырылған жобаларды қолданудың тиімді тетігін әзірлеуді. *Әлеуметтік сала объектілерін салу бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде үлгілік жобаларды қолдану Жобалау мерзімдері мен шығындарын қысқартуға және тиісінше өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.*

1.5. Мемлекеттік қаражат, квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс жобаларын есепке алу мен мониторингтеудің бірыңғай ақпараттық базасын құру және оның жұмыс істеуі жөнінде шаралар қабылдауды: іске асырылған, іске асыру сатысындағы және аяқталмаған, сондай-ақ, ұсынымдардың 1.4-тармағында көрсетілген бюджеттік инвестициялық жобаларды (білім беруде, денсаулық сақтауда,

әлеуметтік салада және т.б.) іске асыру кезінде үлгілік жобаларды қамтитын жеке бөлім көздеуді.

Құрылыс бойынша жобалардың іске асырылуын қадағалау тетігін құру, сондай-ақ іске асырылған немесе проблемалық жобалар туралы деректер алу мақсатында.

1.6. *Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыру жөніндегі жобаларды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады және нақты елді мекен шегінде өңірлік сипатқа ие болады.* Жобаларды жоспарлау рәсімін оңайлату мақсатында тиісті нормативтік-құқықтық актілерге *(Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №126 бұйрығымен бекітілген нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидалары)* өзгерістер енгізе отырып, жылдар бойынша жалпы сипаттағы трансферттер шеңберінде шығыстардың осы түрін жергілікті бюджеттер базасына беру мәселесін қарауды.

1.7. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 57 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарына жобалау және құрылыс саласындағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу жөніндегі толықтыруларды енгізу мәселесін қарауды.

1.8. Құрылыс саласындағы дербес жауапкершілікті арттыру мақсатында құрылыс саласындағы ғалымдар алқасын құру (немесе НАСО өкілдерін ғылыми-техникалық кеңестің құрамына енгізу)жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құруды, сондай-ақ оны құру мерзімдерін, құрамын, критерийлерін, форматын, нысанын, мақсаттары мен міндеттерін анықтауды.

Аталған жұмыс тобының құрамына келесі өкілдерді қосқан жөн: Ғылым және жоғары білім министрлігі; Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті; Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті; «Қазақ Құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы (ҚазҚСҒЗИ); «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы және құрылыс саласының ұлттық қауымдастығы (Сорғы).

2. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:

2.1. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ауылда, кентте, ауылдық округте жұмыскерлерге тұрғын үй салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретті беру бөлігінде ҚР-ның Тұрғын үй заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді.

2.2. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің шараларды әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ ауылдық жерлерде халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі құзыретін беру жөніндегі мәселені қарастыруды.

2.3. ҚР Тұрғын үй заңнамасына қандай да бір санатқа нұқсан келтірмей, жылдар бойынша бөліп есепке қою күніне байланысты мұқтаж азаматтар үшін тұрғын үйлерді бөлу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастыруды.

2.4. Жосықсыз Лицензиаттарды құрылыс жұмыстары нарығынан шығару және лицензияларды «сатуға» жол бермеу мақсатында лицензиялау жүйесін жетілдіру, оның ішінде білікті мердігерлер тізілімін енгізу жолымен шаралар әзірлеуді.

2.5. Еурокодтар мен ҚНжЕ параллельді қолдануды енгізудің орындылығы мәселесін қарастыруды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп:

2.6. Тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің ашықтығы үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрғандардың тізілімі нысанында кезекте тұрған және тұрғын үй алғандардың тізімі бар ақпараттық портал әзірлеп қолданысқа енгізуді, ол осы уақыт режимінде жаңартылатын болады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп:

2.7. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде құрылыс жобалары бойынша деректерді алу бөлігінде мемлекеттік сатып алу порталы мен «ведомстводан тыс кешенді сараптама» ақпараттық жүйесінің интеграциясын жеделдетуге бағытталған шаралар қабылдауды.

3. ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:

3.1. Жекелеген өңір үшін ерекше шарттарды айқындамай, жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландырудың бірыңғай қағидаларын белгілеу бөлігінде Бюджет кодексіне түзетулер енгізу мәселесін қарауды.

Бюджет кодексіне сәйкес (46-баптың 7-тармағы) республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен іске асырылатын жергілікті деңгейдегі инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайтуға байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылуға тиіс.

Алайда, астана үшін 1 млн. АЕК-тен асатын ЖСҚ құнын ұлғайту жөніндегі шығыстар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын кезде алып тастау көзделген.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп:

3.2. Табиғи монополиялар субъектілерінің инженерлік желілердің техникалық сипаттамалары мен бос қуаттары және қала құрылысы

кадастрының ақпараттық жүйесіне берілген техникалық шарттар бойынша деректерді беру жөніндегі міндеттемесін заңнамалық деңгейде көздеуді.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және ҚР Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп:

3.3. Табиғи монополиялар субъектілерінің инженерлік желілер туралы дәйекті цифрлық деректерді қала құрылысы кадастрының ақпараттық жүйесіне беру регламенті қабылдауды.

3.4. Одан әрі қабылдау мақсатында ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық техникалық регламент жобасының реттеушілік әсерін талдау рәсімінің аяқталуын жеделдетуді.

4. ҚР Қаржы министрлігіне:

4.1. Белгілеу бөлігінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына тиісті өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу:

- әкімшілік-аумақтық белгі түріндегі әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар;

- өнім берушінің орындауында мемлекеттік сатып алу туралы шарт болған кезде шартты жеңілдіктің теріс мәні *(бір өнім берушінің бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде немесе бірнеше тендерлерде жеңіске жету жағдайларын болдырмау және шарттың орындалуын одан әрі қосалқы мердігерлікке беру мақсатында).*

5. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

5.1. Астана және Алматы қалаларының елді мекендерінің шегіне енген жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту үшін төлемдерден босату бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыруды.

Осы нормаларды Қазақстанның барлық өңірлерінде енгізу мүмкіндігін қарастыруды.

6. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және ҚР Әділет министрлігімен бірлесіп:

6.1. Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын жеделдетіп енгізу және оны жер және қала құрылысы кадастры жөніндегі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен және жылжымайтын мүлік регитср-мен интеграциялау жөнінде шаралар қабылдауды.

II. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **«Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі»** тақырыбына арналған Үкімет сағатын 2022 жылы 2 желтоқсанда өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. «Салауатты өмір салтын ұстану және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету» *(туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығы, Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпы қамту, 30-70 жас аралығындағы жұқпалы емес аурулардан болатын жиынтық өлім және басқалары)* БҰҰ-ның Денсаулық сақтау саласындағы тұрақты даму мақсаттарының индикаторларына қол жеткізу жөнінде шаралар қабылдансын және «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы көрсеткіштерінің сапасы, оларды іске асырудың сыртқы және ішкі тәуекелдерін ескере отырып, арттырылсын.

1.2. Жұқпалы емес аурулардан мезгілсіз өлім қаупін 2025 жылға қарай 25%-ға төмендету жөнінде кешенді шаралар әзірленсін, оның ішінде халық арасында тұзды тұтынуды азайту жолымен және ұнды міндетті фортификациялау бойынша заңнамалық тұрғыдан бекітілген шаралар мүлтіксіз орындалсын.

1.3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (*бұдан әрі – ТМККК*) шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың (*бұдан әрі – МӘМС*) қаржы қаражатының ағынын болдырмау үшін заңнамалық деңгейде ТМККК және МӘМС бойынша көрсетілетін медициналық қызметтер *(әлеуметтік маңызы бар және негізгі созылмалы аурулары бар адамдар үшін шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған көмек)* тізбелерінің аражігі ажыратылсын, ТМККК-ға кіретін қызметтерді қаржыландыруға бағытталған МӘМС шығыстарының жабылуы қамтамасыз етілсін, сондай-ақ нормативке сәйкес халықты жедел жәрдем бригадаларымен қамтамасыз ету үшін жедел медициналық жәрдем қызметін қаржыландырудың қалыптасқан тапшылығын жабуға ТМККК қаражатын бөлуді қарастырсын.

1.4. Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасын әзірлесін, олар мыналарды:

- биологиялық қорғаныс деңгейі жоғары зертханалар желісін құру, эпидемиологиядағы молекулалық-генетикалық бағыттың *(нақты уақыттағы ПТР, микрочиптеу, нанотехнология)* және диагностика жасау қорғау құралдарын, әдістерін әзірлеу бойынша ғылыми-техникалық әлеуетті, оның ішінде антибиотиктер, иммунобиологиялық және гендік-инженерлік препараттар өндірісін дамытуды;

- бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін құруды және тәуекелдерді бағалаудың болжамды-модельдеу жүйелерін әзірлеуді, сондай-ақ

геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, аумақтардың паспортталуын қамтысын.

2. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:

2.1. Денсаулық сақтау жүйесінде кадр саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу жөнінде, оның ішінде жоғары білікті мамандарды даярлау мәселелері бойынша шаралар қабылдансын.

2.2. Салалық қауымдастықтарды тарта отырып, тарифтерге кешенді талдау жүргізсін және медициналық ұйымдардың қызметін қаржыландыру тапшылығын болдырмау үшін денсаулық сақтау саласында ұзақ мерзімді тарифтік саясатты әзірлеуді қамтамасыз етсін.

2.3. Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді азайту мақсатында халыққа кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту жөнінде кешенді шаралар қабылдасын.

2.4. Ана мен бала өлімінің көрсеткіштерін төмендету мәселелері бойынша кешенді шаралар қабылдасын, олар мыналарды:

- халықаралық стандарттарға сәйкес босану ұйымдарының реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің, штаттық нормативтерін қайта қарауды, олардың жарақтандырылу стандарттарын өзектендіруді;

- МӘМС жүйесіндегі сақтандырылу мәртебесіне қарамастан, прегравидарлы дайындық шеңберінде жүкті әйелдер мен репродуктивті жастағы әйелдер үшін амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету тізбесін *(темір және фолий қышқылы препараттарымен, инсулинмен және оның құрамдас бөліктерімен және басқалары)* кеңейтуді;

- иммундау жөніндегі ұлттық кешенді көпжылдық жоспарды бекітуді қамтысын.

2.5. Медициналық көмектің көлемі мен сапасын айқындайтын клиникалық хаттамаларды, стандарттарды және өзге де нормативтік құжаттарды гипердиагностика, полипрагмазия және индукцияланған шығыстарды болдырмау жолымен әзірлеуді және қайта қарауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ курацияны қолдайтын сыртқы мониторинг арқылы халықаралық танылған клиникалық нұсқаулықтарды ендіру арқылы дәлелдену деңгейін арттырсын.

2.6. Нейрогенді дисфункциялық мүгедектігі бар адамдарды емдеу хаттамасына асептикалық мерзімді катетерлендірудің/өзін-өзі катетерлендірудің алтын стандартын енгізсін.

2.7. **ҚР Қаржы министрлігімен бірлесе отырып:**

2.7.1. Профилактикалық тексерулер мен скринингтік зерттеулерді қаржыландыру қажеттілігіне талдау жүргізу және оларды ТМККК-ға енгізуге бастамашылық жасасын.

2.7.2. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекке (*бұдан әрі – МСАК*) баса назар аудара отырып, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру тетігін қайта қарау жөнінде шаралар қабылдасын:

- МСАК әлеуметтік-бағдарланған моделінің орнықтылығын қамтамасыз етуге арналған шығыстарды теңестірсін, халықаралық тәжірибені ескере отырып, МСАК тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлесін және бекітсін;

- МСАК көрсететін ұйымдарды жан басына шаққандағы қаржыландыру есебіне 5 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға патронаждық барып тұру жүйесін енгіздірсін;

- МСАК шеңберінде шығындылығы жоғары қызметтерді сараласын және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен жасалған тікелей шарттарға бөлсін *(стоматологиялық қызметтер, қымбат қызметтер, медициналық-генетикалық, генетикалық зерттеулер және басқалар)*.

2.8. Медициналық қызметтерді өтеу тарифтеріне медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалану және интернет желісіне қосылу шығындарын қосу мәселесін қарастырсын.

2.9. Өлім мен сырқаттанушылық туралы деректерді жүйелі тіркеуді, есепке алуды, талдауды, түсіндіруді және салыстыруды жетілдіру мақсатында «Аурулардың халықаралық 11-ші жіктемесін қайта қаралуын жеделдетіп ендіру» жоспарын бекітсін.

2.10. Мамандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында күрделі амбулаториялық пациенттерді шұғыл тәртіппен емдеуге жатқызу үшін барлық республикалық бейінді клиникалардың жанынан шұғыл көмек бөлімшелерін ашу жөнінде шаралар қабылдасын.

2.11. **ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп**, электрондық денсаулық сақтауды дамытудың кешенді жоспарын (Жол картасын) әзірлесін және бекітсін, олар мыналар бойынша:

- медициналық ақпараттық жүйелердің (*бұдан әрі – МАЖ*) функционалдығына және олардың қауіпсіздігіне қойылатын бірыңғай талаптарды бекіту, мәліметтерді мемлекеттік дерекқорға міндетті түрде беру, сондай-ақ МАЖ функционалдық талаптарына сәйкестігін бақылауды күшейту;

- Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері мен барлық денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде жекеше денсаулық сақтау ұйымдарының МАЖ арасында интеграциялауды жүргізу, бұл ретте ақпараттық жүйелердің санын қысқарта отырып интеграциялауды жүргізу;

- азаматтарды тікелей емдеу мекемелеріне тіркеу процесін толық автоматтандыру, сондай-ақ медициналық қызметтердің алынғанын растауды енгізу шараларын қамтысын.

2.12. **ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп**, инвесторлардың денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға мүдделілігін арттыру мақсатында бюджеттен мемлекеттік жекешелік әріптестік жобаларын бірлесіп қаржыландырудың тиімді тетіктерін әзірлесін.

3. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына:

3.1. **ҚР Денсаулық сақтау және ҚР Қаржы министрліктерімен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп** халықтың міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуын арттыру жөніндегі жол картасын бекітсін, сондай-ақ ТМККК және МӘМС шеңберінде қаражатты ұтымды және мақсатты пайдалануды ынталандыратын тиімді тетіктерді ендірсін.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ

2022 жылғы 4 қарашада Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті **ветеринариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша** көшпелі отырыс өткізді (Алматы қ.), оның қорытындысы бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. ҚР заңнамасының және ЕАЭО құжаттарының талаптарына сәйкес келмейтін жануарларды, тамақ өнімдерін, жануарлардан алынатын шикізатты Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол бермеу үшін бақылауды жалғастыру.

1.2. Елдің ішкі қажеттіліктерін GMP стандарттарына сәйкес келетін биопрепараттармен қамтамасыз ету үшін отандық биотехнологияны дамыту жөнінде кешенді шараларды қабылдау.

1.3. Жаңа ветеринариялық зертханалар құрылысын қаржыландыруды және қолданыстағы зертханаларды күрделі жөндеуге, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы бөлуді қамтамасыз ету.

1.4. Мемлекеттік ветеринариялық қызметті кадрлық қамтамасыз ету мақсатында келесі мәселелерді қарау:

- ветеринариялық қызмет қызметкерлерінің жалақысын көтеру;
- аса қауіпті аурулармен жұқтыру қаупінің болуын ескере отырып, зиянды еңбек жағдайлары үшін үстемеақылар белгілеу;
- Ветеринар мамандығында білім алып жатқан студенттер шәкіртақысының көлемін арттыру;
- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде біржолғы көтерме жәрдемақыларды, тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бөлінетін кредит немесе несие сомасының көлемін және жас ветеринариялық мамандарға әлеуметтік қолдаудың басқа да шараларын ұлғайту.

1.5. Отандық өндірушілерден ветеринариялық препараттарды сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шарттар жасасу мүмкіндігін қарастыру.

1.6. Ветеринария жүйесін реформалау шеңберіндегі іс-шараларды толық көлемде қаржыландыруды қамтамасыз ету.

2. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

2.1. Ветеринариялық қызметті реформалау кезінде бірінші кезекте орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктерді нақты ажырату, сондай-ақ нақты әкімшілік-аумақтық бірліктерде ветеринариялық-санитариялық және эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру.

2.2. Ел аумағында, әсіресе шекара маңындағы өңірлерде жыл сайынғы эпизоотиялық мониторингті күшейту.

2.3. Процестерді цифрландыру, ветеринария саласындағы деректерді жинау мен беруді автоматтандыру мақсатында:

- функционалдық талдау және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету бөлігінде ветеринария саласындағы ақпараттық жүйелерге аудит жүргізу, сондай-ақ олардың дербес режимде жұмыс істеу мүмкіндігін қарастыру (интернетке қолжетімділік болмаған жағдайда);
- ветеринария саласында ақпараттық жүйелердің мобильді нұсқасын енгізу жөнінде шаралар қабылдау;
- ауыл шаруашылығы жануарлары және олардың иелері бойынша мәліметтерді АШЖБ дерекқорында өзектендіруді жүргізу;
- ветеринариялық есептілікті автоматтандыру жөніндегі шараларды көздеу;
- ветеринария саласындағы ақпараттық жүйелердегі жұмыс бойынша пайдаланушылар, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін оқыту семинарларын өткізу.

2.4. «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК, «Ветеринария жөніндегі ұлттық референттік орталық» РМК материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағдарламасын әзірлеу;

2.5. «ҰАҒББО» КЕАҚ аграрлық жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын әлемдік тәжірибеге сәйкес заманауи ветеринариялық клиникалармен және жабдықтармен жаңғырту мәселесін пысықтау.

2.6. Ветеринариялық препараттардың айналымын бақылаудың тиісті ақпараттық жүйесін әзірлеу жөнінде шаралар қабылдау.

2.7. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп** «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС базасында жануарлардың аса қауіпті, зооантропонозды және пайда болған ауруларының тәуекелдерін болжау, бағалау және басқару жөніндегі ақпараттық-талдау орталығын құру мәселелерін қарастыру;

2.8. Ветеринариялық дәрігердің беделін көтеру және еңбегін ынталандыру үшін ведомстволық төсбелгілерді («ҚР ветеринария қызметінің үздігі» және «ҚР еңбек сіңірген ветеринар дәрігері») тағайындау, сондай-ақ ветеринария қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу мәселесі қарастырылсын.

3. ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп:

Ауыл шаруашылығы және ветеринариялық мамандықтар бойынша талапкерлерге өту балын ең төменге (50 баллға) дейін төмендету;

- жергілікті атқарушы органдардың (ауылдық округтердің, аудандардың, облыстардың әкімдіктерінің) ветеринария саласындағы мамандарды даярлау үшін жіберілген жері бойынша жұмысқа орналасумен және кемінде 5 жыл міндетті түрде пысықтаумен нысаналы білім беру тапсырыстарын (гранттарын) ұсынуы;

- «Ветеринария» бағыты бойынша жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы үшін қосымша қаржыландыру бөлу мәселелерін пысықтау.

4. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:

4.1. Конкурстық рәсімдерден тыс ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру мәселесін пысықтау.

4.2. Ветеринария саласындағы ғылыми зерттеулерді уақтылы бағдарламалық-нысаналы және базалық қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдау.

5. Облыс әкімдіктеріне:

5.1. Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

- ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес ветеринариялық-санитариялық объектілермен (мал қорымдары, сою пункттері (алаңдары) қамтамасыз ету және оларды күтіп-ұстау;

- АӨК үшін кадрлар даярлау процесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тарту бойынша шаралар қабылдау.

5.2. Жануарлардың аса қауіпті және энзотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізуге қаржы қаражатын көздеу.

5.3. Ақылы қызметтер көрсету бойынша тарифтер белгіленсін, сондай-ақ ветеринария саласындағы ақылы қызметтер түрлерінің тізбесін ұлғайтсын.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР

I. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **«Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтауда ғылымның, білімнің және клиникалық практиканың біртұтастығы: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары»** тақырыбында 2022 жылы 2 қарашада дөңгелек үстел өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:

1.1. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің озық халықаралық тәжірибесін зерделеу және денсаулық сақтау саласына кадрлар даярлауда, оның ішінде мейірбике қызметінде академиялық интеграция жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар енгізуді.

1.2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарын аккредиттеу стандарттарын бекітуді жеделдету, кәсіби стандарттарға сәйкес тәуелсіз емтихан жүйесінің, оның ішінде медицина саласындағы түлектерінің білім беру бағдарламаларының ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби қауымдастықтардың медицина қызметкерлерін сертификаттауға қатыстыруды.

1.3. «University Medical Center» корпоративтік қорына академиялық медициналық орталық мәртебесін беру туралы мәселені қарастыруды.

1.4. **Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп:**

1.4.1. Дәрігерлерді практикалық даярлаудың және дағдылар мен құзыреттерді дамытудың бір бөлігі болатын, резидентурада (ЭЫДҰ елдері тәжірибесі бойынша) даярлау жүйесіне өзгерістер енгізуді қарастыруды.

1.4.2. Денсаулық сақтау жүйесінің қолданыстағы кадр ресурстар ақпараттық жүйелерін және Ұлттық білім беру дерекқорын интеграциялау арқылы медициналық мамандықтың кәсіптік тіркелімін құру жөнінде шаралар қабылдауды.

1.4.3. Денсаулық сақтау жүйесінің мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізу бойынша шаралар қабылдауды.

1.4.4. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру жөніндегі жұмысты күшейтуді.

1.4.5. Докторантура бағдарламасын ғылыми орталықтарда, ғылыми-зерттеу институттарында іске асыру мүмкіндігін қарастыруды.

1.4.6. Ғылыми атақ алу үшін магистр академиялық дәрежесі бар адамдар қалған талаптарды орындаған жағдайда ғылыми атақ беру туралы ұсынысты зерделеуді.

1.5. **Қорғаныс, ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп** медициналық әскери кадрларға қажеттілікті қамтамасыз ету үшін медициналық жоғары оқу орындарында отандық әскери медициналық факультеттерді дамыту бағдарламасын әзірлеуді және бекітуді.

1.6. **Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп** салалық біліктілік шеңбері негізінде денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеуді және бекітуді, сондай-ақ кәсіби стандарттардың құрылымын және оларды бекіту механизмін жеңілдетуді.

1.7. **Ғылым және жоғары білім министрлігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп**, көп бейінді жоғары оқу орындарында ашылған медицина факультеттерінде білім беру, клиникалық практика және ғылым сапасын жақсарту бойынша кешенді шаралар қабылдау.

1.8. **Ғылым және жоғары білім, қаржы министрліктерімен бірлесіп** 2023 жылдан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша (бакалавриат, интернатура) оқу құнын, оның ішінде медициналық мамандықтың ерекшелігіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы білім алушылардың стипендиясын ұлғайту мәселесін пысықтауды.

2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

2.1. Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби қауымдастықтардың құзыретіне беру үшін кәсіби стандарттарды нормативтік реттеуден шығару мүмкіндігін қарастыруды.

3. ҚР Ұлттық экономика министрлігіне:

3.1. **Денсаулық сақтау министрлігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп** медициналық мамандықтар бойынша түлектердің әлеуметтік қолдау шараларының мөлшерін ұлғайтуды, сондай-ақ осы көмек көрсетілетін елді мекендердің тізбесіне моноқалаларды қосу мәселесін пысықтауды.

II. 2022 жылғы 27 желтоқсанда Қаржы және бюджет комитетінде «**Комитет мүшелерінің өңірлерге сапарының қорытындысы бойынша арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуінің нақты жағдайы және одан әрі перспективалары**» (әзірлеудегі ұсынымдар) тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

КОМИТЕТТЕРДІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

2022 жылғы 22 қарашада Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **«Балалардың хал-ахуалы және олардың құқықтарын қорғау»** тақырыбына арналған кеңейтілген отырысын өткізді, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігіне:

1.1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты жалғастыру, прокуратура органдарымен бірлесіп балалардың құқықтары, мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтары бұзылған қылмыстық істер санының өсуіне талдау жүргізу және оларды азайту жөнінде кешенді шаралар қабылдауды;

1.2. **құқық қорғау органдарымен бірлесіп** кәмелетке толмағандарды жасырын саудалауға бақылауды күшейту, заңсыз асырап алу, балаларды

үшінші тұлғаларға, оның ішінде шет мемлекеттердің азаматтарына беру жөніндегі құқыққа қайшы схемаларды анықтау, ұлттық заңнамадағы олқылықтарды жою, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың Республикалық деректер банкінің жұмысын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды;

1.3. **ҚР Денсаулық сақтау, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп** балалар арасында мүгедектіктің жыл сайын өсуінің, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) ведомствоаралық өзара іс-қимылының болмау себептерін талдауды;

1.4. мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жол картасын тиісті түрде орындамауға және немқұрайлы орындауға жол бермеуді;

1.5. **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, ЖАО-мен бірлесіп** жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі заңнаманы орындау жөнінде шаралар қабылдауды;

1.6. **ҚР денсаулық сақтау, әділет министрліктерімен бірлесіп** денсаулық сақтау, Ұлттық білім беру деректер қоры, ҚР-ның жеке тұлғалары туралы ақпаратты бірыңғай тіркеу мен сақтау жүйелерінде балаларды есепке алуды біріздендіру жөнінде шаралар қабылдасын, сондай-ақ балаларға ЖСН-ды туылған кезде міндетті түрде беруді енгізуді;

1.7. **ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп** жыл сайын кәсіби клубтарға, концерттер мен іс-шараларға бөлінетін қаражатты балалардың жеке қажеттіліктеріне, секциялар мен үйірмелерге қайта бөле отырып, білім беру деңгейін, спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелер бойынша тиімді шаралар қабылдауды.

2. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне:

2.1. балалардың мүгедектік үлесін азайту үшін медициналық мекемелерді зат алмасудың тұқым қуалайтын ауруларына скрининг жүргізу үшін жабдықтармен жарақтандыруды, сондай-ақ балалар денсаулығының бұзылуын анықтайтын және ертерек араласу түрінде көмек көрсететін мамандар даярлауды қамтамасыз етуді;

2.2. босанғанға дейін және босанғаннан кейін жүкті әйелдерді сүйемелдейтін патронаждық медбикелерді емханаларға енгізуді;

2.3. **ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп** мүмкіндігі шектеулі балаларға абилитация мен реабилитацияда ерте көмек көрсетуге ғылымды тарту және олардың нәтижелерін кейіннен енгізу жөнінде шаралар қабылдасын.

II. 2022 жылғы 22 қарашада Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің «**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен**

толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 20 желтоқсандағы Заңның іске асырылуы мәселесі бойынша комитетінің отырысы өтті, оның қорытындысы бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне:

1.1.1. Ел медиаторлары ұйымдарының қатысуымен медиация институтын одан әрі дамыту бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

1.1.2. «Медиация туралы» Заңның нормаларын іске асыру бойынша, оның ішінде медиаторлардың құқықтық жағдайына қатысты заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау жөніндегі жұмысты жандандырсын.

1.1.3. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына медиатордың кепілдендірілген тегін қызметтерін енгізу, сондай-ақ оларды бюджет қаражаты есебінен төлеу бойынша қажетті қаржылық есептерді жүргізсін.

1.1.4. «Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына медиатордың кепілдендірілген тегін қызметтерін көрсету мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлесін.

1.1.5. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына медиатордың кепілдік берілген тегін қызметтерін көрсету жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етсін.

1.1.6. Елорда, республикалық маңызы бар қалалар, облыстар әкімдіктерімен бірлесіп, қоғамдық орындарда әлеуметтік жарнаманы орналастыра отырып, медиация институтын дамытуға бағытталған ақпараттық-әдістемелік жұмысын жүргізсін.

1.1.7 Министрліктің интернет-ресурсында ел азаматтарын ақпараттандыру үшін олардың сайттарын көрсете отырып, медиаторлар ұйымдарының кәсіби медиаторларының тізімін орналастырсын.

1.1.8. Соттан тыс тәртіппен алимент төлеу туралы жасалатын келісімдердің тиімділігіне талдау жүргізсін.

1.2. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп:

1.2.1. Заңды іске асыру мақсатында жергілікті жерлерде құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау үшін кәсіби медиаторлар мен қоғамдық медиаторлар ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етілсін.

1.2.2. Әлеуметтік-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, отбасындағы зорлық-зомбылыққа байланысты даулар мен жанжалдарды шешу кезінде медиативтік рәсімдерді қолдана отырып, пилоттық жобаны іске асырылсын.

1.2.3. Өңірлердегі құқық қорғау қызметтері орталықтарының жұмысына кәсіби медиаторларды тарту мүмкіндігі туралы мәселені қарастырсын.

1.3. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп:

Медиаторлар мен медиаторлар ұйымының қызметіне салық салуды оңтайландыру мәселесін пысықтасын.

1.4. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігімен бірлесіп:

Еліміздің оқу орындары мен олардың оқытушылар құрамы үшін медиация негіздері және оны білім беру ортасында қолдану бойынша оқыту семинар-тренингтерін тұрақты негізде өткізуді қамтамасыз етсін.

1.5. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп:

«Денсаулық сақтаудағы Медиация» бағдарламасы бойынша оқудан өткен тәуелсіз сарапшы - кәсіби медиаторлардың қатысуымен Денсаулық сақтау саласындағы дауларды шешу жөнінде шаралар қабылдансын.

2. ҚР Жоғарғы Соты мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

2.1. Құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау тетігін одан әрі жетілдіру үшін аудандық (қалалық), облыстық және оларға теңестірілген соттардың өндірісіндегі біртекті істердің бірін бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша аумақтан тыс соттылықты таңдау және жоғары тұрған соттың қарауы туралы нормалардың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлесін.

2.2. Сот төрелігінің қолжетімділігін арттыру, сот шығындарын барынша азайту, сот қорғауын жедел алу, сондай-ақ істерді қарау мерзімдерін қысқарту мақсатында оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу мүмкіндіктерін кеңінен пайдалансын.

2.3. Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі жоғары тұрған органның сот шешіміне апелляциялық және кассациялық шағым жасау құқығын міндетті түрде келісудің бірыңғай тетігін пысықталсын.

3. ҚР Бас прокуратурасына мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп:

Құқықтық статистика және Бас прокуратура ақпараты комитетінің Статистикалық есептілігіне тараптардың татуласуына, сондай-ақ тиісті ақпараттық жүйелердің интеграциялануына байланысты іс жүргізу тоқтатылған істердің саны туралы мәліметтерді енгізу мүмкіндігін қарастырылсын.

III. 2022 жылғы 13 желтоқсанда Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитетінің **көліктегі (автомобиль және теміржол) қозғалысын құқықтық реттеу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша** отырысы өтті, оның қорытындысы бойынша **Қазақстан Республикасының Үкіметіне** мынадай ұсынымдар берілді:

- қауіпсіз инфрақұрылымды, оның ішінде көп деңгейлі және реттелетін өткелдерді, тротуарларды, жарықтандыру мен қоршауларды құру арқылы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- ЖҚЕ бұзушылықтарын тіркеудің автоматты камераларын, оның ішінде қала сыртындағы (қалааралық) трассаларда кеңінен енгізуді, сондай-ақ автомобильдердің аударылып қалуын және фронтальды соқтығысуын болдырмау үшін тосқауыл және бөлу қоршауларын жайластыруды қамтамасыз ету;
- көп деңгейлі айырықтары, малөткелдері және жолөткелдері бар заманауи көп жолақты автомобиль жолдарының құрылысын дамытуға ықпал ету;
- көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, механикалық көлік құралдарын міндетті техникалық байқау жөніндегі ұйымдардың қызметін бақылаудың тиімділігін арттыру мәселесін қарау;
- көлік құралдарының жүргізушілерін сапасыз даярлау критерийлерін және ол үшін әкімшілік жауапкершілікті, сондай-ақ жүргізуді және жүргізушінің жасалған құқық бұзушылықтарын бағалау критерийлерін белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- автомобиль және темір жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін, оның ішінде пайдалануға берілетін автомобиль жолдарының сапасын құқықтық бағалау жөніндегі, сондай-ақ жылжымалы құрамды, магистральдық жолдарды, теміржол көлігі объектілерін, жасанды құрылыстарды, кірме жолдарды пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу;
- теміржол көлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның темір жолдардағы оқиғаларды тергеу жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттарға сәйкестігіне нормативтік құқықтық актілердің тұрақты мониторингін жүргізу.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 2022 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің басшылығымен **балық шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша** кездесу өткізді. Балық шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелерін қарап, талқылағаннан кейін комитет мыналарды **ұсынды:**

1. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне:

1.1. Балық шаруашылығын дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету.

1.2. Еуропалық Одақ елдеріне балық өнімдерінің экспортын қамтамасыз ету, сондай-ақ көксеркені Қытайға экспортталатын балық түрлерінің тізіміне енгізу мәселесі бойынша іс-шаралар жүргізу.

1.3. Каспий итбалығының популяциясы бойынша Ресей, Әзірбайжан елдерімен бірлескен жұмыс жүргізу.

1.4. Балық аулау кемелерінің өтуін қамтамасыз ету мақсатында Жайық-Каспий бассейнінің кеме қатынасы каналдарында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу.

1.5. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде балық шаруашылығы саласындағы жас мамандарға біржолғы көтерме жәрдемақыларды, тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бөлінетін несие немесе қарыз сомасының көлемін ұлғайту және басқа да әлеуметтік қолдау шаралары.

2. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

2.1. Кедендік, ветеринариялық және басқа да органдар жүйелерімен балық және балық өнімдерін қадағалаудың интеграцияланған ақпараттық жүйесін енгізуді жеделдету.

2.2. Құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, елді мекен шегінде балық шаруашылығы мақсаттары үшін жер ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемелерін төмендету мәселесін пысықтау.

2.3. Ветеринария саласындағы заңнаманы талдау және балық шаруашылығының ерекшеліктерін ескере отырып, атап айтқанда өндіріс объектілеріне есептік нөмірлерді алу кезінде, балық ауруларын аса қауіпті аурулардың тиісті тізбесіне енгізу кезінде өзгерістер енгізу.

2.4. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен ұқсастығы бойынша жанар-жағармай материалдарының бағасын арзандату бойынша балық шаруашылығы субъектілеріне жеңілдіктер беру жөніндегі мәселені пысықтау.

3. ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігімен бірлесіп:

3.1. Мәселелерді пысықтау:

- елдің жекелеген жоғары оқу орындарында «Балық шаруашылығы» мамандығының ашылуы;
- «Балық шаруашылығы» мамандығы бойынша талапкерлерге өту балын 50 балға төмендету;
- жергілікті атқарушы органдармен балық шаруашылығы мамандарын даярлау, сондай-ақ оларды 5 жыл мерзімге міндетті жұмысқа орналастырылуын қамтамасыз ету үшін мақсатты білім беру гранттарын беруді қарастыру.
- «Балық шаруашылығы» бағыты бойынша жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында профессор-оқытушылар құрамының академиялық ауысу үшін қосымша қаржыландыру бөлу;
- балық шаруашылығы саласындағы Ғылыми-зерттеу жұмыстарының құнын айқындау әдістемесін бекіту;

3.2. Балық шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді уақытылы бағдарламалық-нысаналы және базалық қаржыландыру жөнінде шаралар қабылдау.

4. Жергілікті атқарушы органдарға:

4.1. Келесі шараларды қабылдау:

- 2021-2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту бағдарламасында көзделген көлемнен төмен емес акваөсіру субъектілерін субсидиялауға жергілікті бюджеттен қаражат көздеу;

- мемлекеттік қолдау шараларын уақытылы көрсету, атап айтқанда кредиттеу кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамыту, балық шаруашылығы субъектісі инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша;

- балық шаруашылығы үшін кадрлар даярлау процесіне балық шаруашылығы субъектілерін тарту.

4.2. Балық шаруашылығы саласында инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты күшейту.

VI. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

2022 жылғы 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында келесі іс-шаралар орын алды:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

2 қыркүйек - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың АҚШ конгрессмендері Дж.Панеттамен және Т.Суосимен кездесуі (*А.Шәкіров*);

13-15 қыркүйек – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі өткізілді;

15 қыркүйек - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Мәскеу және Бүкіл Русь Әулие Патриархының викары, митрополит Волоколамский Антониймен кездесуі (*О.Перепечина, С.Карплюк*);

15 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Ресей мүфтилер кеңесінің төрағасы, мүфти шейх Р.Гайнутдинмен кездесуі. (*О.Перепечина*);

15 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Парламентаралық одақ төрағасы Д.Пашекумен кездесуі (*А.Шәкіров, М.Құл-Мұхаммед*);

16 қыркүйек - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Сауд Арабиясы Корольдігінің Ислам істері және тура жол министрі А.бен Абдулазиз Абдрахман Әл аш-Шейхпен кездесуі (*А.Шәкіров*);

16 қыркүйек – ДДҰ Еуропалық аймақтық директоры Х.Клюгемен кездесу (*О.Перепечина, А.Әлназарова*);

29 қыркүйек – БҰҰ БЖКБ Орталық Азиядағы өкілі Х.Шоддермен кездесу (*А.Шәкіров, В.Волков*);

30 қыркүйек –Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесімен ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 18-ші отырысы, Астана қ. (*А.Шәкіров*);

4 қазан – мүгедектердің саяси өмірге қатысуы бойынша ЕҚЫҰ ДИАҚБ Консультативтік тобының отырысына қатысу, Варшава, Польша (*Л.Қалтаева*);

4 қазан – Испанияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дж.Урбиоламен кездесу (*М.Құл-Мұхаммед*);

11 қазан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен

Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Елшісі Кэтрин Дж.Личпен кездесуі;

12 қазан – Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Сыртқы істер комитетінің төрағасы Лоу Цзивэймен онлайн кездесу (*М.Құл-Мұхаммед, Е.Сұлтанов, Б.Жұмағұлов, Қ.Қожамжаров, Д.Нөкетаева*);

12 қазан - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Вьетнам Вице-Президенті Во Тхи Ан Суанмен кездесуі (*А.Шәкіров, О.Перепечина, Д.Әділбеков, С.Трумов, Л.Сүлеймен*);

18-19 қазан –ЕҚЫҰ ПА Жібек жолы тобының 4-ші халықаралық конференциясына қатысу, Ыстанбұл, Түркия (*Г.Дюсембаев, Б.Қаниев*);

20-25 қазан – Тайландтың Бангкок қаласында ғарыштық технологиялар бойынша пікірталасқа қатысу (*Т.Мұсабаев*);

25 қазан – Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі С.Ниязходжаевпен кездесу (*А.Шәкіров*);

31 қазан - «Германия-Орталық Азия» парламенттік тобы төрағасының орынбасары А.Глоговский-Мертен бастаған Германия Бундестагының делегациясымен кездесу (*О.Перепечина, М.Құл-Мұхаммед, Г.Дюсембаев, Б.Жұмағұлов, Д.Нұржігітова*);

1 қараша – Словакия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Р.Кирнагпен кездесу (*М.Құл-Мұхаммед*);

9 қараша – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы М.Абделсаламмен кездесуі;

15 қараша - Молдова Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Л.Дариймен кездесу (*А.Шәкіров*);

16 қараша – Румыния Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік хатшысы Ю.Фотамен кездесу (*О.Перепечина, Н.Нұрсипатов*);

18 қараша - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ТүркПА байқаушылар миссиясымен кездесуі (*А.Шәкіров, Н.Жүсіп*);

19 қараша – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың ТМД ПАА байқаушылар миссиясымен кездесуі (*А.Шәкіров*);

19 қараша – ҰҚШҰ ПА халықаралық байқаушылар тобымен кездесу (*А.Шәкіров, Ә.Бектаев, Т.Мұсабаев, А.Лукин*);

24 қараша – Канада Премьер-Министрінің арнайы өкілі С.Дионмен және «Қазақстан-Канада» парламентаралық достық тобының мүшелерімен кездесу (*Д.Әділбеков, Ә.Нұралиев, Н.Нұрсипатов*);

25-27 қараша – Қазақтардың Анадолыға қоныс аударуына 70 жыл толуына орай Еуропа және Азиядағы этникалық қазақтармен кездесу-конференцияға қатысу, Ыстанбұл, Түркия (*М.Бақтияруұлы*);

30 қараша – АӨСШК (СВМДА) Бас хатшысы Қ.Ш.Сарыбаймен кездесу (*А.Шәкіров*);

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қазақстан Республикасындағы Қасиетті Тақтың Апостолдық Нунцийі Фрэнсис Чуликатпен кездесуі;

2 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшісімен кездесуі (Цзян Цзэминьнің қайтыс болуына байланысты көңіл айту);

6 желтоқсан – Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Г.Ландсбергиспен кездесу (*А.Шәкіров*).

парламентаралық ынтымақтастық:

21-23 қыркүйек - ТМД ПАА Бақылау-бюджет комиссиясының жұмысына қатысу, Санкт-Петербург қ. (*С.Карплюк*);

21-23 қыркүйек –ТМД ПАА мемлекеттік құрылыс тәжірибесін зерделеу жөніндегі Тұрақты комиссияның жұмысына қатысу, Санкт-Петербург қ. (*С.Мәкежанов*);

22-23 қыркүйек –ЕҚЫҰ ПА халықаралық семинарына қатысу, Хельсинки қ., Финляндия (*А.Шәкіров*);

6-7 қазан – Индонезияның Джакарта қаласында өткен G20 елдері парламенттері спикерлерінің Саммитіне қатысу (*О.Перепечина*);

20 қазан – ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының Экономикалық мәселелер, ғылым, технология және қоршаған орта жөніндегі комитетінің онлайн отырысына қатысу (*А.Шәкіров*);

20 қазан – ҰҚШҰ ПА Кеңесі жанындағы ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер Парламенттерінің қорғаныс және қауіпсіздік комитеттері (комиссиялары) төрағаларының Үйлестіру кеңесінің отырысына онлайн қатысу (*М.Құл - Мұхаммед*);

20 қазан – ҰҚШҰ ПА қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысына онлайн қатысу (*Н.Нұрсипатов*);

27-28 қазан – Өзбекстан Республикасы Самарқанд қаласында өткен ТМД ПАА Кеңесінің 54-ші отырысына және Пленарлық отырысына қатысу. Сапар барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Н.Т.Шакиевпен, Өзбекстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Т.К.Нарбаевамен, Тәжікстан Республикасы Мажлиси Намоямдагон Мәжілісі Оли Төрағасы З.М.Зокирзодамен, Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы В.И.Матвиенкомен және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер парламенттерінің басшыларымен кездесуі өтті. Депутаттар ТМД ПАА іс-шараларына қатысу шеңберінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенатымен ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 3-ші отырысына қатысты (*А.Шәкіров, В.Волков, Ә.Бектаев, Т.Мұсабаев, А.Әлназарова*);

2 қараша – ҰҚШҰ ПА Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысына онлайн қатысу (*А.Лукин*);

10 қараша – ТМД ПАА Экономика және қаржы жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысына онлайн қатысу (*С.Лұқпанов*);

13 қараша - БҰҰ-ның климаттың өзгеруі бойынша 27-ші конференциясы аясындағы Парламентаралық Одақтың Парламенттік отырысына қатысу, Шарм-әл-Шейх қ., Мысыр (*О.Булавкина*);

19-21 қараша – НАТО ПА 68-ші жыл сайынғы сессиясына қатысу Мадрид қ., Испания (*Н.Нұрсипатов*);

23 қараша – Еуразиялық топқа мүше мемлекеттер парламентшілері өкілдерінің Форумына қатысу, Душанбе, Тәжікстан (*С.Мәкежанов, Б.Челпеков*);

24 қараша – ҰҚШҰ ПА Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясының кезектен тыс отырысына онлайн қатысу (*А.Лукин*);

26-27 қараша – ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының күзгі отырысына қатысу, Варшава қ., Польша (*Қ.Қожамжаров, М.Жұмағазиев*);

28 қараша – Финляндия Парламентінің депутаты, парламентаралық «Орталық Азиямен достық тобының» мүшесі К.Кильюненмен кездесу (*М.Құл - Мұхаммед, Н. Нұрсипатов, Е.Сұлтанов*);

2 желтоқсан – «ҚР Парламентінің қоғам үшін институционалдық ашықтығы» атты халықаралық конференцияға қатысу (*А.Шәкіров*);

2 желтоқсан – «Қоғамның цифрлық дамуының құқықтық аспектілері» атты халықаралық конференцияға қатысу Санкт-Петербург қ., РФ (Д.Әділбеков);

2 желтоқсан – «ТМД-ға мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясына 30 жыл: тарих және қазіргі заман» атты дөңгелек үстел отырысына онлайн форматта қатысу (*Д.Нөкетаева*);

5 желтоқсан – ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің отырысына қатысу, Мәскеу қ., РФ (*А.Шәкіров*);

9-10 желтоқсан – Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Федерация Кеңесімен Ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 18-ші отырысы, Астана қ. (*А.Шәкіров*).

сайлауларды бақылау:

8 қараша – ЕҚЫҰ ПА-ның АҚШ Конгресіндегі сайлауды бақылау жөніндегі байқаушылар миссиясының мүшесі ретінде бақылауға қатысу, Вашингтон қ. (*Ә.Әлназарова*).

VII. АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯ ЕТІЛУІ

ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының VII шақырылымдағы III сессия барысындағы жұмысы туралы халықты кеңінен хабардар ету және Палатаның қызметін жариялау жөніндегі сапалы жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу Палата қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Палатаның ашық жұмыс істеу ұстанымын нығайтуға бағытталған бастамасы бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, қоғамда да оң шешімін тауып келеді.

VII шақырылымдағы III сессия кезінде депутаттардың заң жобасын әзірлеушілермен, азаматтық қоғам өкілдерімен және журналистермен өзара іс-қимылы толықтай офлайн түріне көшті. Бүгінгі таңда Сенатта **59** БАҚ-тан **523** журналист тіркелді. Дегенмен, қазір әртүрлі интернет-тұғырнамалардың бейне конференция байланыс мүмкіндіктері де белсенді пайдаланылып келеді. Қолданылған «аралас» тәсіл Палатаның заң шығару қызметін белсенді түрде жария етуге мүмкіндік беріп отыр.

Палата Төрағасының бастамасы бойынша сессия барысында Палата отырысында қаралатын мәселелер бойынша негізгі баяндамашылар болып табылатын сенаторлар мен мемлекеттік органдардың өкілдері үшін апта сайынғы брифингке міндетті түрде қатысу туралы ереже енгізілді. Осылайша, журналистер Сенат қабырғасында өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға және билік өкілдерінен бірінші кезекте жауап алуға мүмкіндік алды. Сессия басталғаннан бері жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде БАҚ үшін осындай **13** брифинг ұйымдастырылды.

Палатаның барлық негізгі шаралары биылғы 1 қыркүйек пен 15 желтоқсан аралығында бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің кеңейтілген отырыстары, Үкімет сағаттары мен парламенттік тыңдаулар БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарияланып, талқыға салынды.

Астанадағы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі есепті кезеңдегі маңызды оқиға болды. Сенат Төрағасы Съезд аясында Рим Папасы Франциспен, БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жоғары өкілі Мигель Анхель Моратиноспен, әл-Азхардың жоғарғы имамы, шейх Ахмед ат-Тайебпен, Кавказ мұсылмандары Басқармасының Төрағасы, шейх-ул-Ислам Аллахшукюр Паша-Задамен, Сауд Арабиясы Королінің ресми өкілі, Сауд Арабиясы Корольдігінің Ислам, уағыз және насихат істері жөніндегі министрі Абделатиф бен Абдулазиз бен Абдрахман Әл аш-Шейхпен, Англия шіркеуінің өкілі, Доркинг қаласының епископ Джо Бэйли Уэллспен, САК, Дүниежүзілік ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары Абдулрахман Абдулла Альзайдпен, Дүниежүзілік «Дін бейбітшілік жолында» дінаралық ұйымының Бас хатшысы Азза Караммен, ИСЕСКО Бас директоры Сәлім Әл Маликпен, Волоколамск митрополиті, Мәскеу мен бүкіл Ресейдің Қасиетті

Патриархының викары Антониймен, Ресей Федерациясы мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы, Ресей Мүфтилері кеңесінің төрағасы Мүфти-шейх Равиль Гайнутдинмен, Парламентаралық Одақтың төрағасы Дуарте Пашеку және т. б. меймандармен кездесті.

Сенат Төрағасы «Ұлттық мүдде» диалог алаңында және Жас сарапшылар клубында, АХҚО басшылығымен, #SENSITIVE би театрының әртістерімен және #EREKSHETEATR жобасының қатысушыларымен бірқатар кездесулер өткізді.

Сенат Төрағасы мен депутаттарының саясаткерлермен және АҚШ, Вьетнам, Ұлыбритания, Ресей Федерациясы, Сауд Арабиясының дипломатиялық корпус өкілдерімен, халықаралық ұйымдар басшыларымен, оның ішінде ТМД ПАА, ЕКПА, ТүркПА, Парламентаралық Одақтың басшыларымен, Мұсылман ақсақалдары кеңесінің Бас хатшысымен, сондай-ақ діни көшбасшылармен кездесулері туралы материалдар негізгі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың Елизавета II жерлеу рәсіміне қатысу үшін Лондон қаласына және ТМД ПАА Кеңесінің 54-ші отырысы мен Пленарлық отырысына, сондай-ақ осы Ұйымға қатысушы елдердегі парламенттер Палаталарының басшыларымен кездесуге, оның ішінде Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Н.Т.Шакиевпен, Өзбекстан Парламенті Сенатының Төрағасы Т.К.Нарбаевамен, Тәжікстан Оли Мәжілісі намояндагон Мәжілісінің төрағасы З.М.Зокирзодамен, РФ Федералдық Жиналысы Федерациясы Кеңесінің Төрағасы В.И.Матвиенкомен кездесуге қатысу үшін Самарқанд қаласына (Өзбекстан) сапары республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілді.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы айтылған **1 207** сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында **9 285** мақала жарияланды. Жаңалықтар хабарламаларынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтарда, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ депутаттық корпустың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар шықты.

Сессия барысында «Хабар 24» телеарнасының эфирінде ҚР Парламенті Сенатының қызметі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға маманданған «Сенат сөзі» және «Сенат уақыты» бағдарламалары апта сайын шығып отырды. Есепті кезеңде бағдарламаның **30** шығарылымы эфирге шықты, оған **37** сенатор, сондай-ақ Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері қатысты.

Сенаторлар депутаттық корпустың жұмысына, еліміз Президентінің жаңғырту жөніндегі күн тәртібін іске асыруға және маңызды қоғамдық-саяси мәселелерді талқылауға арналған басқа бағдарламалар мен ток-шоуларға да белсенді қатысты. Олардың ішінде: Qazaqstan арнасының прайм-тайм эфиріндегі «Ашық алаң» ток-шоуы, Хабар арнасындағы

«Бүгін», Хабар 24 арнасындағы «Күн тәртібі», «Дневная смена», «Пікірталас», «Сұхбат», «Еуразия» бірінші арнасындағы «Грани», «Atameken Bussiness» арнасындағы «Басты тақырып» және «Дневной формат» бағдарламасы бар.

Сенаттың VII шақырылымдағы III сессия барысындағы ең маңызды іс-шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрінде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай **18** онлайн-трансляция болды. Олардың барлығы да сақталып тұр және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-арнасында көруге болады. Мұндай ашықтық сол нақты уақыттағы заң жобаларының қаралу барысын қалың жұртшылық өкілдеріне көруге мүмкіндік береді.

Палатаның қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі www.senate.parlam.kz ресми сайты болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі шаралар туралы ақпарат сайтта фото және бейне материалдармен қоса жедел жарияланады. Осылайша, III сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде **397** жаңалық жарияланды. Жаңалықтардан басқа, сайтта жариялануға міндетті: Палатаның қарауындағы заң жобалары, отырыстардың стенограммалары, депутаттық сауалдар, іс-шаралар анонстары және т.б. басқа да ақпарат уақтылы орналастырылады. Сайтта жарияланатын барлық ақпарат Android және IOS платформаларында «Senate» ұтқыр қосымшасында да қайталанады.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Facebook, Twitter, Instagram және YouTube әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарына да орналастырылды. Ел назары ауған заң жобаларын белсенді талқылаған және әлеуметтік желілердегі өз парақтарында өзекті мәселелерді көтеретін бірқатар сенаторлар да осы алаңдарды белсенді пайдаланып келеді. Қазіргі уақытта ҚР Парламенті Сенатының ресми парақтарында Instagram (**42 400** жазылушы), Twitter (**22 100** жазылушы), Facebook (**9 507** жазылушы), YouTube (**4 620** адам) желілерінде жазылушы бар.

Шығарушы:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

Материалдарды ұсынған:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері